



ЯСАУИ МҰРАСЫ

Республикалық мәдени-танымдық газеті

№4-5 (38) желтоқсан 2020 жыл

Газет 2016 жылғы 14 қазаннан бастап шыға бастады

ҚАЗАҚ ҚАЗЫНАСЫ

ЛАУХАЛАР ТАРИХИ ОРНЫНА ҚОЙЫЛДЫ



Қазақстан Республикасы
Мәдениет және спорт министрі
«Әзірет Сұлтан» мемлекеттік
тарихи-мәдени қорық-музейінің
ұйымдастыруымен Қожа Ахмет Ясауи
кесенесінің Қазандық бөлмесінде
«Қасиетті лауханың жаңғырылуы»
шарасы өтті.

«Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейіне алғысын білдірді.

– Бүгін – өткенімізді қайта жаңғыртып, жоғалтқанмызды тапқан ерекше күн. Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлының (б.а.ша.) қағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында Мұхаммед (с.а.у.) пайғамбарымыздан бастап мұсылман әлеміне мәшһүр Ахмет есімсімен әйгілі шайықтардың есімдері жазылған лаулақтар Тайказзінін айналасына, яғни тарихи орнына қайта орнатылды. Төл жәдігерлерімізді, тарихымызды түгелдеп, насихаттау болашақ ұрпақ үшін маңызды мұра болып қалары сөзсіз. Тарихымызды тану, жаңғырту жолындағы маңызды күнмен баршанызды құттықтаймын, – деді «Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейінің директоры Нұрболат Ахметжанов.

Ежелгі түркі халықтарының ту ұстау, туды қадірлеп-қастерлеу дәстүрінің маңызы зор. Ту елдер мен тайпалардың ерлік, еділік дәстүрі мен татулығын, ынтымағын айғақтайды. Іс-шараға арқау болған Қожа Ахмет Ясауи кесенесіндегі лауалардың да тарихтағы маңызы мен мәні зор. Ұрпақты рөміздерді ұлықтауға, патриоттық рухта тәрбиелеуге септігін тигізгі сөзсіз.



БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ ХАБАРЛАЙДЫ

ҰЛЫ ДАЛА ГЕНЕРАТОРЫ



Мемлекеттің бірлігін, Конституциясын, адам мен адамзаттың құқықтарын және бостандықтарын қорғауды қамтамасыз еткен жаңа тәуелсіз мемлекеттің негізін қалаушы. Тұңғыш Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың ерен еңбегін паш еткен көрме ұйымдастырылды.

Ата-бабамыздың ғасырлар бойы асыл арманы болып келген егемен Қазақстанды құру жөніндегі тарихи аманат 1 желтоқсанда орындалып, дәл сол күні Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев Тәуелсіз Қазақ елінің Тұңғыш Президенті болып сайланған болатын.

көрғауға қабілетті Қарулы Күштер құрылды, құқықтық тәртіпті сақтау және ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету органдары қалыптастырылды, Қазақстан өзінің мемлекеттік шекарасын заңдық тұрғыдан рәсімдеу мен межелу жөніндегі мәселелерді түпкілікті шешіп, кең-байтақ жеріміздің шекаралық шеңбері бойында тату көршілік белдеуі қалыптасты.

БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ ХАБАРЛАЙДЫ

МЕРЕЙТОЙҒА ОРАЙЛАСТЫРЫЛҒАН КОНФЕРЕНЦИЯ

Мәдениет және спорт министрлігінің «Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейі, Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Бейсенбай Кенжебаев атындағы «Түрік халықтары» музейінің ұйымдастыруымен «АЛТЫН ОРДАНЫҢ БІЛІК ИНСТИТУТТАРЫ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ҚОҒАМЫНДАҒЫ ЭТНОСАЯСИ ПРОЦЕСТЕР» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция өткізілді.

Алтын Орданың 750 жылдығына орай ұйымдастырылған шараға тарих ғылымдарының докторы, профессор Жамбыл Артықбаев, филология ғылымдарының кандидаты, жазушы Жарықпап Бейсенбайұлы, филология ғылымдарының докторы, профессор Күлбек Ерғөбек, тарих ғылымдарының кандидаты, ясауиттанушы Зікірия Жандарбек, тарих ғылымдарының докторы, профессор Мұхтар Қожа, тарих ғылымдарының докторы, профессор Хазретәлі Тұрсын, педагогика ғылымдарының магистрі, Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің аға оқытушысы Бақытжан Ахметбек сынды елімізге белгілі тұлғалар және шетелдік тарихшылар мен ғалымдар, қорық-музей қызметкерлері, студенттер қатысты.

– Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев өзінің Қазақстан халқына арнаған Жолдауында Алтын Ордаңың 750 жылдығын біздің тарихымызға, мәдениетіміз бен табиғатымызға туристердің назарын аудару



тұрғысынан атап өту керектігін, сонымен қатар Алтын Орданың негізін қалаған Жошы ханның аясы қайраткер ретіндегі мемлекеттік идеологиясының қалыптасуындағы маңызды тарихи өзектілігін ұмытпауымыз керектігін атап өткені белгілі. Бүгінгі ұйымдастырылып отырған ғылыми шара төл тарихымызды зерттеп-зерделеуге тың серіпін бере отырып, еліміздің рухани қазынасының толығын түсініп өз үлесін қосады деп сенемін, – деді «Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени

қорық-музейінің директоры Нұрболат
Ахметжанов.

Конференция мақсаты – Алтын Орда мемлекетінің қазақ мемлекеттілігінің бастауы ретінде зерделеу, Алтын Орда мемлекеттілігініңдікі билік институттарының қызметі мен маңызын талдау, Алтын Орданың беклербектерін Ұлы даланың ұлы тұлғалары ретінде тану және таныту, Алтын Орда руханиятындағы Қожа Ахмет Ясауи ілімінің маңызын зерделеу.

БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ ХАБАРЛАЙДЫ

ОРТАҒАСЫРЛЫҚ КІТАПХАНА БӨЛМЕСІ АШЫЛДЫ

16 желтоқсан – Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күніне орай Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің музейлендірілген кітапхана бөлмесі ашылды.



Мәдениет және спорт министрлігі, «Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейі ұйымдастырған жобаның мақсаты – Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру», «Ұлы даланың жеті қыры» бағдарламалық мақалалары аясында Түркі әлемінің тұлғасы – Қожа Ахмет Ясауи кесенесі ішіндегі кітапхана бөлмесінің тарихи келбетін жаңғырту, өз мақсатын насихаттау болып табылады.

Музейлендірілген кітапхана бөлмесінің ашылуымен құттықтаған қорық-музей басшысы Н.Ахметжанов: «16 желтоқсан – Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігі күніне орай салтанатты түрде ашылған ортағасырлық кітапхана бөлмесінің маңызы ерекше. Музей экспозициясына бұрын-соңды қорық-музей қорынан қойылмаған «Диуани хикметтің» түпнұсқа қолжазба нұсқасы, сонымен қатар 1887-1901 жылдары Қазанда, 1901 жылы Ыстанбұлда, 1902-1911 жылдары Ташкент баспаларынан жарық көрген нұсқалары, хикметтің латын тілінде жарық көрген нұсқасы, «Рисалла дар адаби тариқат», «Пақырнама», «Миратул кулуб» секілді қолжазбалары, Қожа Ахмет Ясауидің атақты шәкірттері С.Бақырғанидің «Диуан» қолжазба еңбегі, Шейх Худайдад Таш-Мухаммед әл-Бухаридің «Бустан ул-Мухиббиннің» түркі тілінде жазылған қолжазба еңбегі, Ә.Науаидің «Ғазалдары», Физулидің шығармалары, Фарид ад-дин Мұхаммад ибн Ибрахим Аттардың «Тазкират ул-Аулия», Софы Аллаярдың «Муслик ал-Муттакин», Әулие Биделдің «Диуан» еңбектері экспозициядан орын алды. Бұл бастама қасиетті де тарихи жерге келген әрбір келушіге Қожа Ахмет Ясауи мен оның шәкірттері, кесенедің жерленген хан-сұлтандар, батырлар мен билер, игі жаксылар жайлы кітаптар және деректермен танысуға мүмкіндік береді. «Әзірет Сұлтан» қорық-музейі қорында 3000-ға жуық жазба ескерткіштер сақталса, оның ішінде 440-ы көне баспа кітаптар, 160-ы түрнұсқа қолжазбалар, 21-і тарихи құжаттар болса, 11-і жаңа құнды кітаптар. Алдағы уақытта кітапхана бөлмесінде арнайы көрмелер ұйымдастырып, қордағы жазба ескерткіштерін таныстыратын боламыз», деді.

«Тарихи деректерге сүйенсек, Қожа Ахмет Ясауи кесенесіндегі кітапхана бөлмесі 1950 жылдарға дейін жұмыс істеп, иін тіресіп тұрған діни кітаптар кейіннен қолды болған екен. Кітапхана және оның қоры жөніндегі деректер 1913 жылы «Қазақ» газетіне басылған Міржақып Дулатовтың «Хазірет Сұлтан» мақаласында, А.Семеновтің 1922 жылы кесенені арнайы комиссия құрамында көріп шыққан соң жазған қорытынды жазбасынан, 1928 жылы кесенені зерттеген М.Е. Массон еңбектерінен кездестіруге болады», дейді қорық-музей директорының орынбасары М.Тастанбеков.

Сондай-ақ музейлендірілген кітапхана бөлмесінде Түркістанның ортағасырдан бастап білім мен ғылым, өнер ордасы болғандығын айқындайтын түрлі ғылымға қатысты кітаптар, Тәптірлер, Кәләм шарифтер, Шаригат заңдарының орындалуы, Мұхтасар, Құрандар, «Ғайлас ал-лугат Мунтахаб ал-лугат» тіл білімі туралы, «Рисакатун уафиятун фи ислами абин ағи» араб тілінің грамматикасы, тарих-география, заңғылымының мәні, «Шархуль-Ункайти, Умурату рияти» шариғатты талдау, «Арифметика», «Геометрия» еңбектері және «Әзірет Сұлтан» қорық-музейінің ұйымдастыруымен жарыққа шыққан кесенедің жерленген тұлғаларға қатысты сериялы баспалар орналастырылған.

Өзбекстан Республикасының Премьер-министрі Абдулла Арипов Түркістан қаласына келген сапарында «Әзірет Сұлтан» қорық-музейіне сыйға берген Өзбекстанда табылған VIII ғасырға тиесілі Құранның алғашқы нұсқаларының бірі III Халиф Осман ибн Афғанның мұсхафының бір беті де музей экспозициясына қойылды.

Ал бөлменің жоғары жағына Қожа Ахмет Ясауидің «Диуани хикмет» еңбегінен алынған «Ғылымына амал қылған – сауап алар», «Менің хикметтерім Алладан пәрмен, оқып ұққанға бар мағынасы Құран» қанатты сөздері жазылған.

Іс-шара барысында өзбекстандық ғұлама ғалым Шайық Мұхаммад Садық Мұхаммад Юсуфтың жеке кітапханасынан музей қорына сыйға берген 85 дана Құран көрімдер, хадистер, пәтуалар, тәпсірлер және тағы да басқа тақырыптарда жарыққа шыққан кітаптары да көпшілік назарына ұсынылды.

Музей экспозициясына 591 дана кітаптар мен музей қорынан 20-дан астам этнографиялық жәдігерлер қойылған.

Айтулы жиын аясында 16 желтоқсан – Тәуелсіздік күніне орай «Тәуелсіздік – мәңгілік ел мұраты» көрмесі де ашылды.



ТАҒЫЛЫМ



БЕГІМ АНА

XI ғасыр тұсында оғыздар тайпасының билеушісі Мәлік шахтың патшалық құрған тұсында Селжұқтар өлі әбден кемеліне келген екен. Мәлік шах өлгеннен соң таққа оның баласы Санжар отырады. Санжар астанасын Хорасан қаласынан Сыр бойындағы Жанкент қаласына көшіріп орналас-тырады да, бұл шаһарды мықты бекініске айналдырады. Ол аң аулап, сөйіл құранды ұнатады екен. Сөйтіп жүріп Созақ маңайында өмір сүрген Қарабура әулиенің қызы Бегім сұлуға үйленеді.

Бегім сұлу көркіне ақылы сай, парасаты мол қыз болыпты. Санжарды да табындырған осындай сан қырлы қасиеттері болса керек.

Ел аузында «Бегім ана туралы аңыз» кең тарап, көптеген шығарма мен дастанға арқау болғаны белгілі. Бегім ана туралы аңыз былайша өріледі: Санжар хан аңға шығып бара жатып үйінде қалып қойған қанжарын әкелуге құлын жұмсайды. Құл ханның жұмсағанын айтып Бегім сұлудан қанжарды беруін өтінеді. Қанжарды қолына алғанда Бегім сұлудың аппақ қолын көріп құл есінен айырылып құлап қалады. Кешігу себебін түсіндірген құл «Ханым білегімнен ұстап жібермей қалды», депті. Санжар ақ-қарасын тексермей Бегім сұлудың оң қолын, оң бұрымын кесіп, оң танауын тіледі де, зынданға тастайды. Келесі күні Қарабура әулие қиналып жатқан қызының түсіне кіріп: «Балам, бұлтартпай шыныңды айт. Ақпысың, әлде қарамысың? Ақ болсаң Аллаһ жәрдем беріп жаранды жазар, қара болсаң қарғар, тек тұрасың айт!» депті. Сонда Бегім жылап тұрып: «Атажан, құдай атымен сіздің алдыңызда ант етемін! Егер, Санжарға қиянат жасасам, тәңірі атсын, өмірімді қысқартсын. Ақпын, ата!», деп зар еңірейді.

Осыдан соң Қарабура Санжардың да түсіне кіріп: «Сен де бір балам едің. Егер менің қызым арам болып, саған қиянат істесе, келесі күні сол қолы, сол бұрымы кесіліп, сол танауы тілінген күйде мүгедек болып қалсын! Егер, керісінше болса, қызымның ақ пен қарасын тексермей жаза

қолданғанда бір ауыз әділ сөзін айтпаған сенің шаһарыңды тірі адам қалдырмай жылан жұтсын!» деп қарғап батасын береді. Келесі күні таң ата хан зынданға адам жібереді. Жіберген адамы барса, Бегім баяғы сау қалпында отыр екен дейді. Содан бастап ханды үрей билейді. Кеш болады. Хан кеңесшілерімен отырғанда іңір уақтысында аспаннан бір мес шаһардың ортасына түсіп жарылады. Местің іші толған жылан екен. Жылан қала сыртына тірі жанды шығармай, шағып өлтіреді. Сонымен жайнап тұрған Жанкент шаһары Санжар сияқты қатыгез ханның кесірінен қас пен көздің арасында опат болады дейді аңыз желісінде.

Ал, Бегім сұлу болса өз әкесі Қарабура әулиенің көмегімен Бегім ана мұнарасын салдырып: «Мұнан былай еркекті көрмеймін», деп қалған жұмбақ ғұмырын сол мұнараның ішінде өткізіпті деседі. Ата-бабасының қасиеті дарып, кейін Бегім ана әулие атанады.

Қазіргі таңда Бегім ана мұнарасы Қызылорда облысы Арал ауданының аймағында орналасқан. Жергілікті халық Бегім сұлуды тазалықтың белгісі санайды. Елі ардақ тұтқан Бегім сұлу махаббатқа адалдығымен елаузында әлі сақталған. Аңыз түрінде тілге тиек етілетін әңгімені ұйып тындайсың. Бегім сұлудың ерекше қадір-қасиетіне таңғаласың. Бұл аңыздың айтылып келе жатқанына он ғасырға жуық уақыт өткен. Әлі де елдің жадынан өшпей келеді. Ұрпақтан ұрпаққа ұлағат болып тараған. Қанша уақыт өтсе де халық Бегім ана

мұнарасына тәу етіп, ол жерді қасиетті ме-кен санайды. Бегім ана мұнарасы ескерткіш ретінде Қазақ жеріндегі алғашқы мұнаралы ескерткіштердің тізіміне кіреді. Мұнаралы ескерткіштер Орталық Азияның жазық даласында көшпенді ортада қалыптасқан қайтыс болған адамның басына антропо-морфты стелла орнату немесе кей-кезде ағаш отырғызумен аяқталатын (өмірдің әлемдік ағашы идеясын жүзеге асыру сияқты) қорған салу көне дәстүрі Х-ХІ ғғ. Қазақстан жерінде «мұнаралы» деп атала-тын кесенелердің пайда болуына тікелей әсерін тигізді. Б.д.д І мыңжылдықтың ба-сында Сырдарияның төменгі ағысында (Түгескен кешенінің 5 кесенесі, б.д.д. IX-VII ғғ.) б.д. І мыңжылдықтың аяғында (Дінгек, Домбауыл, Қозы Көрпеш – Баян сұлу) басталған стеллалы қорған құрылыстары мен ағаш егілген мұнаралы кесенелердің күрт өсу үрдісінің нәтижесінде Ақсақ қыз, Бегім ана, Сараман – Қоса (Х-ХІ ғғ. Қызылорда обл.) сияқты тамаша бірегей монументті мұнаралы құрылыстар пайда болды.

Х-ХІ ғасырларға жататын сәулет ескерткіші болып саналатын Бегім ана мұнарасы қам кесектен тұрғызылып, шаршы пішінді күйдірілген кірпішпен қапталған. Мұнара сегіз қырлы призма іспетті күмбезбен жабылған. Мұнараның діні ор-тасына дейін монолитті, одан жоғары тас төбелік үлкен тесігі жоспарында дөңгелек күмбезді камера орналасқан. Жоғарыда көрсетілгендей Бегім ана аңызға арқау ғана емес, тарихтан сыр шертетін бірден бір сәулет ескерткіші.

Сұлтан Байсеит,
ғылыми қызметкер



МИРАС

МЕНДУАНА БАБА

Қазақ жерінде оның ішінде оңтүстік өңірде діни рухани ескерткіштер көп шоғырланған аймақ. Сондай-ақ Ислам дінінің ошағы болып табы-латын. Түркістан қаласы аумағында бүгінгі таңда мемлекет қарауына өн-ген ескерткіштер едәуір баршылық. Оның ішінде діни-рухани ескерт-кіштерді нақтылай атап өтер болсақ, жалпы саны – 16. Осындай ескерт-кіштердің бірегейі Мендуана баба кесенесі.

Мендуана бабаның кесенесі Түркістан қаласынан 8-10 шақырымдай оңтүстіктегі Ынтымақ және Иасы ауылдарының ше-карасында орналасқан. Координаттары: 43°13.649', 068°18.648'. Теңіз деңгейінен биіктігі – 219 м. Мазар шикі кірпіштен салынғандықтан түпнұсқа күйінде толық сақталмаған. Жоғарғы бөлігі құлап, жергілікті халықтың күшімен қайта тұрғызылған. Бір бөлмелі, қабірдің ұзындығы 2,8 метр, жартылай цилиндр кесіндісі пішінде үйінді кесектен қаланып, үсті әк қосылған ерітінді лаймен сыр-ланып әктелген. Кейіннен күйылған іргетасының биіктігі – 3,5 метр. Мазардың жалпы ұзындығы – 5, 10, биіктігі – 3,2 метр. Мендуана баба XVII ғасырда өмір сүрген. Созақ өңірінде дүниеге келіп, өмірінің соңғы жылдары Түркістанда тұрып, осында жерленген. Мендуана баба Ислам дінінің уағыздаушысы болған. Мендуана бабаның есімі халық аузындағы аңыз бойынша Сырлыбай деп аталған. Бетінде үлкен мені бар, ел арасында қыдырып, осы өңірдің малын емдеп, төрт түліктің көбеюіне септігін тигізген бабаның атын тура атамай «Мендуана баба» деп атаған. Бұл кісінің кереметі – төрт түлік малдың қандай ау-руы болса да, жанына барып түнеп шықса жазылып кетеді екен. Мендуана бабаның бір қасиеті шашын екі елідей өсіріп жүреді



екен. Алған шашын көп адамдар тұмар етіп тағып алатын көрінеді. Аңыздардың бірінде Созақ өңірінде өмір сүріп, өмірінің соңында «Әзірет Сұлтан» бабамның кесенесін көріп жатам» деп осында жерленгендігі айты-лады. Мендуана кесенесі жанында жылы су ағып жатыр. Су бабаның асатаяғы ти-ген жерден шыққан. Келген қонақтар сол құдықтан су ішіп, дерттеріне шипа тауып жатады. Бізге жеткен аңыздар бойынша сол жерде дүкені, тәспі, қанжарлары қалған.

«Әзірет Сұлтан» қорық-музей құрамына діни-рухани ескерткіш ретінде тізімг ендіріліп, мемлекет қарауына алынған. Жалпы қорғау аймағы 1,5 га.

Жергілікті халық «әулие» ретінде кастерлеп, көптеген адам зиярат етеді.

Діни рухани ескерткішімізді сақтау болашақ ұрпаққа жеткізу мақсатында «Әзірет Сұлтан» қорық-музейі қыруар ша-руалар атқаруда. Келген туристерге жағдай жасалуда. Қазақ тарихында халқы қастер тұтқан бабамыздың кесенесін құнды жәдігер ретінде көзіміздің қарашығындай сақтау-ұрпақ енші-сінде.

Серік
РУСТЕМОВ,
«Әзірет Сұлтан»
мемлекеттік
тарихи-мәдени
қорық-музейінің
қызметкері





«ЯСАУИ ІЗІМЕН» ЖОБАСЫ САҰРАМ ӨҢІРІНЕН БАСТАЛДЫ

«Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейінің ұйымдастыруымен «Ясауи ізімен» жобасы Сайрам жерінен бастау алды.

Жобаның мақсаты – түркі әлемінің тұлғасы Қожа Ахмет Ясауи тарихын дәріптеу, балалық шағынан бастап шәкірттеріне дейінгі толыққанды мәліметтерді топтастыру, тың деректер іздеу, насихаттау болып табылады.

Жобаға қатысушылар Қожа Ахмет Ясауидің бабасы Махмұт шайық, әкесі Ибраһим, анасы Қарашаш, ең алғашқы ұстазы Ақ атаның жерленген кесенелеріне тағзым етіп, тарихымен танысты. Сонымен қатар Махмұт шайықтың әулеті, яғни Ибраһим ата мен Қарашаш ананың отбасы қоныстанған, Ахмет Ясауидің кіндік қаны тамып,

балалық шағы өткен қарашаңырақ орнында да түсірілім жұмыстары жүргізілді. Сапар барысында Сайрам тарихи музейі және тарихшылар мен көнекөз қариялардан да тың деректер жинастырылды.

«Ясауи ізімен» жобасының авторы «Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейінің директоры Нұрболат Ахметжанов алдағы уақытта Ясауидің ұстаздары мен Қазақстандағы және шетелге таралған ізбасарлары жайлы зерттеу жұмыстары мен түсірілімдер жалғасын табатынын тілге тиек етті.



КИЕЛІ ТҮРКІСТАННАН ЕЖЕЛІГІ ТАРАЗҒА САПАР

«Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейі ұйымдастырған «Ясауи ізімен» ғылыми экспедиция мүшелері Жамбыл облысына арнайы іссапармен барды.



Киелі Түркістаннан тасын түртсе тарихы сөйлейтін Тараз қаласына ат басын бұрған экспедиция тобы XI-XII ғасырлардағы сәулет өнері ескерткіштерінің жауһары, аңыздарға сүйенсек Қожа Ахмет Ясауидің жаназасын оқыған қасиетті Қарабураның ұрпағы Айша бибі және оның сенімді серігі болған Бабаджа хатунның кесенелеріне барып, тарихымен танысты.

Сапар барысында қаншама ғалымдар мен зерттеушілердің назарын өзіне аударған сыры мен жұмбағы көп Ақыртас сарай кешенін аралаған экспедиция мүшелері тәжірибе алмасу мақсатында «Ежелгі Тараз ескерткіштері» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейінде атқарылып жатқан жұмыстармен танысып, мамандармен пікір алмасты.

Шара барысында Ұжым қызметкерлерімен арнайы кездесу ұйымдастырылып, «Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейінің басшысы Жамбыл облысына бағыт алған сапардың мақсаты мен қорық-музей аумағында рухани жаңғыру жолындағы тарихи ізденістер, атқарылған және жоспарланған жұмыстар жайлы мағлұмат берді.

«Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейінің директоры Н.Ахметжанов пен «Ежелгі Тараз ескерткіштері» тарихи-мәдени қорық-музейінің директоры Н.Быкыбаев ұжымаралық байланысты нығайту, тәжірибе алмасуды қолға алу туралы бірқатар мәселені оңтайлы шешуге уағдаласты.

Жамбыл облысындағы сапар «Көне Тараз» қалашығы мен Ежелгі Тараз қаласының батыс аумағында орналасқан діни мемориалдық кешендер – ортағасырлық Қарахан мен Дәуітбек кесенелері жайлы тарихи деректермен танысуға ұласты.

ЕЙ, СОПЫ

Ей, сопы, талап қылсаң Хақ Дидарын,
Жаннан кеш, алқа ішінде жан қыйнағын.
Алла үшін тәрік болсын бар жыйғаның,
Талақ қыл түн ұйқыңды – өшсін мұңдар.

Ғашыққа Хақ рахметі жуық шығар,
Өң – сынық, жүзін жаспен жуып сығар.
Тамұққа менмендерді қуып тығар,
Тозақта тәкаппарлар өтпес сын бар.

Жарандар бұрынғы өткен аулақ кетті,
Тақ – халас, жасы жуды саулап бетті.
Сенің де ғұмырың тәмам – нәубет жетті,
Тәубе қыл күнің үшін ей, пәтшағар!

Не істемес ит-нәпсіге берсең ерік?! –
Алла – жат, еніресең де өршеленіп.
Жеңілсең – тіріледі, жеңсең – өліп,
Ұйқыңды құстай үркіт – түнде шырмар.

Шығармас нәпсі деген түрме-құлып,
Аздырар жолдан бұрып мүрде қылып.
Сонымен сүрдің өмір бірге жүріп,
Нәпсіні, нәпсіні теп ей, пәтшағар!

Тұлдырсың – нәпсіге ерсең ақырдемде,
Қосады діннен қуып көпірлерге.
Өлерде иман кетер ғафыл желге,
Нәпсіден ақылға ер де болғын бизар.

Перғауын, һарун кетті шайтанға еріп,
Сондықтан жер жарылды – сойқан болып.
Үлгісін Мұса Кәлім айтар келіп:
Екеуін үлгі алмаған Құдай қарғар!

Хақ сыны тәубесізге тиді қатал,
Кетем деп, жолға жыйнал, сыйлық апар.
Кордағы кеткендерді – ғибрат ал,
Тек сонда жатқан жерің болар гүлзар.

Момындар жыйнап өтер ар мен ғылым,
Хақ үшін құрбан қылды жан мен ділін.
Дүние емес, ақыретке пәрменді кім? –
Сол жанға үр мен нөкер бәрі даяр!

Алланың ғарасат таңы бір атады,
Жер де ойбай, көк те ойбай ғып жылатады.
Парызшыл, тәубешілді ұнатады,
Жарылқап, – сол құлдармен сұхбат құрар.

Намаз бен ораза тұтқан күлер тақтан,
Бар халық сол бір жанды тілер Хақтан.
Ондай құл қиямет күні жігер тапқан,
Ол ұлды періштелер құптап тұрар.

Хауыз бар – жарандарға ем сауда қылған,
Ғашықтар татады оны тәубе қылған.
Қайығы тәубесіздің аударылған,
Ішер-дүр ол бейбақтар улы зһар.

Бір күні қияметтің – мың жыл болар,
Санынша бұл дүнианың құрдым болар.
Қайым күн жетпіс мың жыл сүргін болар, –
Тәубешіл құлдар үшін туды баһар.

Кім Хақтың құлы болса – Хаққа жақсын,
Такаппар, қалай бері аттамақсың?!
Құл Ахмет, нәпсі тыйып, дат қыламын,
Пірмұңған тағар ма екен ақ тұмарын!?
Бейхабар көрмей-білмей қан ағызар,
Жан даусын естігей де Пәруардигар.

СОЗАҚТА

ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИДІҢ БАБАСЫ МЕН ШӘКІРТТЕРІ ЖӘНЕ ТАЙҚАЗАНДЫ ҚҰЙҒАН ШЕБЕР ЖЕРЛЕНГЕН

Әулиелер мен түркі жұртына тамыр жайған тұлғалары бар, 500-ден аса тарихи, киелі, шежірелі орындар мен кесенелерге бай Созақ ауданы әйгілі Қожа Ахмет Ясауидің тарихымен де тығыз байланысты. Түбі бір түркі жұрты тарихына ден қойып әлем алдында өзіндік терең тамыры мен танымын айқындап, айшылық алыс жердегі күллі қауымға бас идірген Қожа Ахмет Ясауидің шыққан тегі мен бабалары да даналық пен даралықтың ерекше жаратылыс иелері екенін аңғаруға болады.

– Қожа Ахмет Ясауи бабамыздың тарихы жайлы білгенімізден білеріміз әлі де көп. Ясауидің ізімен жүріп ата-анасы мен бабаларынан бастап тарихын зерделеп, шәкірттеріне дейінгі мәліметтерді тереңдей зерттеу, іздестіру – алдымызға қойған басты мақсаттардың бірі. Әрбір ұрпақ Ясауи десе көк күмбезді кесенені ғана елестетіп қана қоймай оның шыққан тегін, тарихи тұлғалармен байланысын да білуі абзал. «Ясауи ізімен» тарихи-деректі жобасының да көздегені осы. Ясауи ілімі де қаншама елдерге таралған. Алдағы уақытта Ясауи жолымен жүре отырып, ауқымды дүниелерді топтастыруымыз тиіс, – дейді «Әзірет Сұлтан» қорық-музейінің директоры Нұрболат Ахметжанов.

Экспедиция мүшелері ең бірінші кезекте дала түріктеріне Ислам дінін ең алғаш таратушылардың бірі, Мұхаммед (с.ғ.с.) Пайғамбарымыз бен Әзірет Әлінің тікелей ұрпағы болып келетін, елдің мәдени, рухани өрлеуіне өлшеусіз үлес қосқан Ысқақ баб кесенесіне барды. Тарихи шежірелерде Ысқақ баб Пайғамбарымыздың тікелей нәсілі, яғни өзінен санағанда алтыншы, әкесінен бермен есептегенде бесінші ұрпағы ретінде айтылады. Ал бүкіл Түркі дүниесіне әйгілі Қожа Ахмет Ясауи Ысқақ бабтың кіндігінен тараған ұрпағы саналады.

– Шежіре-насабнамелерде Ысқақ баб Түркістанға хижра санауы бойынша 150-жылдары келді деп көрсетілген. Сол кездегі дала түріктерінің ең шеткі шекарасы болып саналған Қаратаудың терістігіндегі Қарақөз бұлағының басына қоныс теуіп, осында қоныстанған. Мешіт, медресе салып, бала оқытып қазақ тайпаларының Исламға көзін ашқан. Сол жерге жерленіп, басына сағана тұрғызылған. Содан бері ұлы шайхының жатқан жерін жергілікті халықтар Баб-ата деп атап кеткен.

Кесене бұрынғы Баладж деп аталатын қала

орнына салынған. Кесене үйі өзінің құрылысымен, салыну тәсілімен ерекшеленеді. Мұнда негізінен екі күмбес бар. Бірі – үлкен, екіншісі – кіші. Кішісінің астында Ысқақ баб әулие және әйелі, балалары жатыр. Артқы кіші күмбездің диаметрі 25-27 метрдей болса, үлкені – 36 метр. Үлкен күмбездің астында «жаназана намазы» оқылады деп есептелген. Ысқақ баб мешіті сырттай қарағанда Ахмет Ясауи кесенесін еске түсіреді.

Сапар барысында Қожа Ахмет Ясауидің рухани туысы әрі жаназасын оқыған белгілі дін өкілі Қарабура және Баба Түкті Шашты Әзіздің кесенесіне соққан экспедиция мүшелері әйгілі Әмір Темірдің пәрменімен Тайқазанды Қарнақта құйған шебер Әбдүләзиздің Созақ ауданына жерлену тарихы жайлы өлкетанушы Нұрмахан Сейітмаханұлынан қызықты мәліметтер алды. Жергілікті халық Әбдүләзиз жерленген жерді «Қазаншы ата әулие қорымы» деп атайды.

Әулие атына байланысты әңгімелерге қарағанда Әбдүләзиз ұста әйгілі Әмір Темірдің бұйрығымен Тайқазанды құйып бітірген соң, шеберге риза болған Қожа Ахмет Ясауи аян беріп, Меккеге сапарлатып, жерленетін топырағы Қарабура әулие кесенесі жанында болатынын сездірген дейді. Сол себепті Қазаншы әулие мен Қарабура әулие кесенесі бір-біріне жақын жерде орналасқан.

Қожа Ахмет Ясауи тарихымен байланысты сырлы Созақ өңірінде жерленген тұлғаларға қатысты зерттеу жұмыстары әлі де жалғаса түспек. Алдағы уақытта тарихшы-шежіреші қариялар мен өлкетанушылардың мәліметтері және түрлі жазба деректер жинақталып, арнайы кітаптар мен деректі фильмдер даярланбақ.

Сондай-ақ Ясауидің ұстаздары мен Қазақстандағы және 20-ға жуық елге таралған шәкірттері жайлы зерттеу жұмыстары жалғасын табары хақ.



ТАҒЫМ

ӘЛ-ФАРАБИ ІЛІМІНДЕГІ МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫНЫҢ ТҰЛҒАЛЫҚ МӘНІ

Әбу Насыр әл-Фараби (Мұхаммед ибн Мұхаммед ибн Уздағ Тархани) – Аристотельден кейін дүниежүзілік білім мен мәдениеттің ұстазы атанған ислам әлемінің ұлы данышпаны. Әл-Фараби «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарасы» атты еңбегінде қала тұрғындарын бес топқа бөледі: ең құрметті адамдар, шешендер, өлшеушілер, жауынгерлер және байлар. Ең құрметті адамдарға ақылдылар, пайымдағыш адамдар, маңызды істерде бөделге ие болғандар. Екінші топтағы шешендерге – діни қызметкерлер, ақындар, музыканттар, хатшылар, шығармашылық жұмыспен айналысатындар. Өлшеушілерге есепшілер, дәрігерлер, астролог, математиктер, оқытушылар жатады дейді.

Ал байларға егіншілер, мал өсірушілер, саудагерлер, қол өнершілерді жатқызады. Әл-Фараби қайырымды қаланы басқаратын адамда алты түрлі қасиет болуы керек деп есептейді. Олар: даналық, асқан пайымдылық, сенімділік, ойлау қабілетінің жоғары болуы, соғыс өнерін жетік білуі, денсаулығының мықты болуы. Осы қасиеттің барлығы бойында бар адам мемлекетті өзінің қалауынша басқарады және ол өзгеге үлгі көрсете алады, дейді. Әл-Фараби қаланы әкім ғана емес, қаланы билеудің алқалық түрін де жоққа шығармайды. Жақсы қасиеттердің бәрі адамдарда жеке дара дарыған болса, онда, бұл топтың мүшелері біріге отырып әкім орнына ие болады, оларды халық жақсы басшылар немесе қадірлі адамдар деп атайды, олардың басшылығы қадірлі адамдардың басқармасы деп аталады. Әл-Фарабидің Алқалық басқару жүйесі қазіргі парламенттік республикаға негізделген саяси жүйені меңзейді.

Шынында да, Парламенттік басқару жүйесінің Президенттік

саяси жүйеден артықшылығы халықтың талап-тілектері мен мүлх-мұқтаждықтары, өзге де мәселелері көпшілік дауысқа салу арқылы позитивті шешім қабылдауға мүмкіндік береді және қоғам озық демократиялық басқару форматына көшеді. Әл-Фарабидің «Ізгілікті қала тұрғындарының көзқарастары» деген еңбегінде ел басшыларының мемлекетті әділ де шынайы, еркін, қайырымдылық тұрғысынан қалай басқару қажеттілігі философиялық тұрғыдан айқын көрсетілген. Егер ел билеуші шынайы қайырымдылықтың жаршысы бола білсе, онда оның халықты басқарудағы басшылық қызметі де сан алуан жақсылық істерге толы болады. Дәл осындай игілікті мақсатты ойдағыдай жүзеге асыра білгенде ғана елбасының өзі де, оның қол астындағы әрбір адам да шексіз бақытқа кенеледі. Ал ел билеуші نادандықтың жолына түссе болғаны, ол міндетті түрде өзінің ойындағы арам пайғылдарын жүзеге асырудың жолын қарастыра бастайды.

Сөйтіп оның қызметінде билік



пен мансап, тәкаппарлық пен намысқойлық, байлық пен масайраушылық басты орынға шығады. Дәл осындай жолға түскен ел билеуші шын мәнісінде бақытты болмаса да, өзін тым бақытты сезінеді. Мұндай ел билеуші тікелей өзіне бағынышты адамдардың көмегі арқасында өз үстемдігін баянды етіп қана қоймай, оны одан әрі нығайта түсуге жанталасады. Алайда ел билеуші халқының қолын берекеге жеткіздім деп есептегенмен де, шын мәнісінде бұл игі мақсат

жүзеге аспаған күйінде қалып қояды. Мұндай пайғылдағы ел билеушілер, әдетте, басқалармен салыстырғанда, өздерін ерекшеміз деп санайды. Ал рахымшыл билеушінің халықты басқаруы (Бірінші) Алла тағаланың нұрлы шапағатынан туындаған ақиқатпен, жаңалықтармен тікелей байланысты болып келеді.

Әл-Фараби мемлекет саясатының басты мақсаты адамдарды бақытқа жеткізу, игілікпен жетекізу деп санайды. Осы еңбегінде ол «бақыт дегеніміз – игіліктердің

ішіндегі ең қадірлісі, ең үлкені, ең жетілгені» деп атап көрсетеді және әр адамның оған толық құқығы бар дейді. Ал ондай құқыққа ие болуға қайырымды қала тұрғындарының ғана мүмкіндігі бар, сондықтан да қайырымды билеушілер билеген қала тұрғындары ғана бақытқа жете алатындығын айтады. Мұндай қалалардың басқа қалалардан ерекшелігі және негізгі белгісі жоғарғы тәртіп пен оның тұрғындарының мәдениеттілігі, сыпайыгершілігі және билеушілерінің қайырымдылығы, ақыл

парасаты. Әл-Фараби үшін қайырымды қаланы кім және қанша уақыт басқарғаны маңызды емес. Оның қалай басқаратыны маңызды дейді. Фараби іліміндегі мемлекет басшысының тұлғалық мәні жаңа құрылымдық тың өзгерістерді жасай алуында және интеллектуалды озық демократ бола алуында деп білемін. Ел тізгіні білімді, рухты, озық ойлы жастардың қолында. Ал жастардың басты міндеті – халқына, Отанына адал қызмет ету. Сол арқылы Алла тағаланың ризашылығына бөлену. Әл-Фараби бабамыз мемлекет басшысының қандай болу керектігін осыдан XI ғасыр бұрын еңбектерінде өсиет, мұра етіп, кейінгі ұрпаққа қалдырып кетті. Біздің Үкімет Әл-Фарабидің осындай саяси концепциясымен жүретін болсағана қазақ елі өркендетті елдер мен теңеледі. Алла тағала халқымызға сарқылмас күш-қуат пен кәсіптеріне береке берсін, әрқашан еліміз гүлденген, парасатты да қайырымды ұлтқа айналуы нәсіп етсін!

Ерқожа АБДУАХИТОВ,
Отырар мемлекеттік археологиялық қорық-музейінің ғылыми қызметкері



ҒИБРАТ

ЯСАУИ ХИКМЕТТЕРІ – ДАНАЛЫҚ МӘЙЕГІ

Ислам дінінің Орталық Азия мен Қазақстан аумағында таралуына үлес қосқан биік тұлғалардың бірі – Қожа Ахмет Ясауи. Оның еңбектері мен даналық хикметтерінің маңызы күні бүгінге дейін еш төмендеген емес. «Диуани хикмет» еңбегімен мәшһүр тұлғаның қаламынан туған өлке жолдар елдің рухани азығы мен тәлім-тәрбиелік қасиеттерін молайтуға ықпалын тигізері айдан анық.

Қожа Ахмет Ясауи – Түркі әлеміндегі мұсылмандық дәстүрлі орнықтырған ғұлама ұстаз. Әкесі – Ибраһим, анасы – Қарашаш ана. Ясауидің ата-анасының зияраттары Сайрамда орналасқан. Деректерде Қ.А.Ясауидің Ибраһим атты ұлы мен Гаухар атты қызы болғаны айтылады. Қ.А.Ясауи ұрпақтары осы қызынан тарайды. Кашифи «Рашахат-ул айн-ил хайат» атты еңбегінде Қожа Ахметтің Арыстан бабтың шөкірті болғандығы, одан заһир және батин ілімдерінің сырын үйренгендігі туралы мәлімет береді. Демек, Қожа Ахмет Ясауидің жастайынан-ақ танымал ұстаздардан білім алып, оқу-ағартуға құштар болғандығы белгілі. Қ.А.Ясауи дүниетанымы, оның ілімінің мәні мен маңызы «Диуани хикмет», «Мират-ул Кулуб», «Пақырнама» сияқты бізге жеткен мұраларынан айқын көрінеді. Ясауи қалыптастырған хикмет дәстүрінің Ислам ақиқатын халықтың жүрегіне жол тауып сіңірудегі маңызы зор болды.

Ясауи хикметтерінің мәні, философиясының өзегі – адам. Адам кемелдікке жетуі үшін. Алланың фазылымен берілетін – хал іліміне жетуі керек. Ол «Диуани хикметте» бастан-аяқ өзінің ғашықтық күйін, ғариптік халін жырлайды. «Ариф ғашық тариқаттың дүр данасы» деген Ясауи ақиқатқа ішкі тәжірибе, өзін өзі тану, діл тереңіне үңілу арқылы жетуге үндейді. Қ.А.Ясауидің қылуына тәуелсіздігі – Пайғамбарға деген құрметі, махаббаты, ғашықтығы және сүннетке адалдықтың үлгісі. Ясауи Ислам сопылығының ажырамас бөлігі болып табылатын, түркі сопылығына негізделген тариқат жолын қалыптастырды. Бұл жолдың негізгі әдептері: шәкірттің ұстазға құрметі, адалдығы мен мойынсұнуы, Алланы тануға, жомарттыққа, тәуекелге, тафаккурға ұмтылу. Шәкірттердің негізгі міндеттері: кемелдікке жетуге, Хаққа жақындауға тырысу, қауіп пен үміт халінде болу, үнемі Алланы еске алып, зікір ету, Ақиқат жайлы сөйлеу.

Ол «ғарип адамды» кемелдік мәртебесіне жеткізіп, Пайғамбардың қоғамдағы өкілі, ізбасары ретінде бағалайды. Қожа Ахмет Ясауи өзін де ғарип ретінде көрсетеді: «Ғариппін ешкімім жоқ, бейшарамын һәм пақыр, Сенен басқа кім бар, рақым ет Алла таң әріде», деп рақымды тек Алла тағаладан ғана күтеді. Өйткені оны Алладан басқа

шын ұғатын, қолдайтын ешкім жоқ. Оны ғарип қылып, жалғыздыққа итермелейтін күш оның дүниеге деген көзқарасы, илаһи ғашықтық – Хақ жолына деген ұмтылысы мен махаббаты. Ғариптік – адамның өз-өзімен іштей күресіп, санасын сансыратқан мәселелердің шешімін табу жолында рухымен тілдесу, өз әлімен ғана ләззат алу сияқты көңіл күйді білдіретін психологиялық хал. Сондықтан да Қожа Ахмет Ясауи «Қай жерде ғарип көрсен һем дем болғыл», дейді. Яғни «оларға дем бер, қолдау көрсет, қасынан табыл, құрметте» дегені еді.

Қожа Ахмет Ясауи дүниетанымында өмір мен өлім мәселесінің мәні өзгеше. Ғазали «өлімнің ақиқатын түсіну үшін, өмірдің мәніне жету керек, ал рухты білмей тұрып, өмірді тани алмайсың», дейді. Оның ілімінде нәпсі – жамандықтың, рух – жақсылықтың қайнар көзі болып табылады. Жақсылық пен жамандық секілді нәпсі мен рухтың да қатар өмір сүруі мүмкін емес. Рухтың өмір сүруі үшін нәпсінің өлуі шарт. Өйткені өмірдің мәні рухтың тазалығында, яғни көңіл айнасының сафтығында жатыр. Рух тазалығымен мақсат тұту «ашқ» мәртебесіне ұласып, Хақ дидарын көру болып табылады. «Муту қаба ан тамуту-өлместен бұрын топырақ болмақ; Ашықтар өлмес бұрын өледі екен...» «Құл Қожа Ахмет, нәпсіні тептім, нәпсіні тептім, Өлмес бұрын жан берудің дертін шектім, Дидар тілеп тәрк етсем масиуаны; Өлмес бұрын болмысыңды айла фәни...». Бұлар – «өлмес бұрын өлу» философиясына тән хикметтер. Қожа Ахмет Ясауи мұнда Хактан басқа барлық дүниені тәрк ету арқылы шынайы өмір мәнін ұғынуға шақырады. Оның көзқарасы бойынша, «шынайы өмір» деп, рухтың нәпсіден арылып, илаһи нұрлармен шайылуын айтады. Бұл ілім негізінде адамдарды «өлілер» және «тірілер» деп қарауға болады. Бұл жердегі «өлі» және «тірі» ұғымы рухқа байланысты. «Өлілер» – дүниеде нәпсінің құлы болып өткендер, олар тірі болса да өлікпен тең. «Тірілер» – нәпсілерін жою арқылы рухтарына «өмір» сыйлағандар, олар өлсе де мәңгілік өмірмен қауышқандар, бақи мәртебесіне жеткендер.

Қожа Ахмет Ясауи дүниетанымында физикалық өлім жоқ. Ол жай ғана рухтың тәннен айырылып, басқа бір

халге ауысуы. Аллаға құлшылықтың ең жоғарғы халі – еркіндік. Рухани өмір ішкі рухқа қатысты болғандықтан, Қожа Ахмет Ясауи іліміндегі еркіндік мәселесі де адамның «ішкі еркіндігі» шеңберінде қарастырылады. Ішкі еркіндікті ислам ахлағында «моральдық еркіндік» дейді. Яғни, Хаққа толық құл болған адам ғана толық еркін, азат. Демек, Алладан басқа барлық нәрседен тазару шынайы еркіндікке ұласады. Хақ алдында құл, халық алдында азат, еркін. Рухани өлімнің нәтижесінде нәпсі үстемдік құрып, адамді өзіне құл етеді. Адам өзінің жаратылысын, табиғатын жатысына бастайды. Нәтижесінде рух еркіндіктен айырылады. Қожа Ахмет Ясауи әдісі бойынша, рухты еркіндікке қауыштырудың жолы – зухд Қожа Ахмет Ясауи ілімінде ішкі еркіндікке жетудің дәрежелері мен басқыштары айтылады.

Бұлар сопылық дүниетанымдағы «халдер» мен «мақамат» категорияларының рет-ретімен жалғасуы арқылы жүзеге асады. Ішкі еркіндік жайындағы мәліметтің негізі – дін. Ал дін адамзатқа «ішкі құлдықтан» құтылу және «ішкі еркіндікке» жетудің жолын көрсететін Алла тарапынан берілген илаһи жолдағы Қожа Ахмет Ясауи ілімі бойынша, «өлілер» мен «тірілер» ұғымына сәйкес, еркіндік мәселесінде де адамдарды екі топқа бөліп қарауға болады. Бірінші топ – «еркіндікті ансаушылар». Бұлар тек қана Хаққа табынып, құлшылық етеді. Екінші топ – «еркіндіктен қорқатындар». Бұлар – нәпсі, мансап, байлық, атақ, дүние, адамға, т.б. табынып, құлдық ұрады. Хикметтің басы – Алланы бар және бір деп білу.

Қожа Ахмет Ясауи адам баласы осы шындықтан бейхабар қалғанда өзінің негізінен алыстай бастайтындығын айтады. Осы ақиқатты адам баласына ескертіп, тікелей еске салып отыратын таным көзі – Құран деп біледі. Сонымен қатар Алланы танудың негізгі сыры адамның өзінде екендігін айтады.

Қожа Ахмет Ясауи ілімінің танымдық тірегін құрайтын адамгершілік қағидалардың өзегі – ахлақ. Ахлақ – хикметтің нәтижесінде қалыптасқан рухани құндылықтар жиыны. Адам ахлақ арқылы адамдық болмысқа, мәнге ие болады. Яғни, адам ахлақтық-рухани құндылықтарды бойына сіңіргенде ғана «шындыққа», «жан тыныштығына» қауышады.

Қожа Ахмет Ясауи ілімінде «жан тыныштығы», «шындыққа жету» адамгершілік қасиет пен сипатқа ұласу арқылы тариқатта жүзеге асады. Аллаға қауышудың жолы қоғамға, адамға қызмет ету – тікелей ахлақтық кемелдену арқылы өтеді. Нәтижесінде рухани тазалыққа, өзін

өзі меңгеруге қолы жетіп, «Кемел адам» тұрпаты қалыптасады.

Көшпелі түркі қауымын имандылыққа шақыру арқылы Қожа Ахмет Ясауи ілімі барша түркі халықтары мәдениетіне үлкен өзгеріс енгізді. Дәстүрлі түркілік дүниетанымының негізі сыршылық дін екендігін ескерсек, сопылық танымның түркі мұсылмандығының ең маңызды ерекшелігін қалыптастырудағы себептерін ұғыну қиын емес. Бұл құбылыстың табиғилығын дін феноменологиясы тұрғысынан қарасақ, діндердің таралуындағы ескі ұстындардың толығымен жойылмайтынын, жаңалары сол құндылықтар, түсінік, ұғымдар негізінде өз орнын табатынын көруге болады. Көбінесе діндерде ескі ұстындар мистикалық институттармен тұтасып, «халық діндарлығы» түрінде тіршілігін жалғастырады. Бұл құбылыстың көрінісін Қожа Ахмет Ясауидің сопылық-моральдық ілімінен көруге болады. Оның «құрма» символизмі арқылы Мұхаммед пайғамбарымызға (Алланың әлемі және мейірімі болсын) байлануы, осы құбылысқа Арыстан бабтың «себеп» болуы, өмірін пайғамбар өміріне ұқсатуға тырысуы, пайғамбарға ұқсаудың ишараты ретінде ұланың атын Ибраһим қоюы, пайғамбар жасына келгенде тірідей «жерасты мешітін», яғни қылуына тәуелсіз, осының бәрі оның іліміндегі көшпелі түркілерге исламды таратуға маңызды әдістемелік, құбылыстық ерекшелік әрі жаңалық болып табылады.

Жергілікті халықтың салт-санасы мен сенім-нанымына, әдет-ғұрпына қайшы келмейтін діни-мистикалық мектептің негізін қалаған Қожа Ахмет Ясауи шығармашылығы түркілік дәстүріне жол салды. «Ислам дінін шарият заңдарын, хақиқат, мағрифат, тариқат – жолдарын түркі әдеби тіл, шағатай тілінде сөйлетті. Қасиетті кітап Құранның арабша мағынасын толықтай түсіндіру, шарияттың қыр-сырын, дін қағидаларын қалың қауымға өз тілдерінде тереңнен таныту мақсатында хикметтерін жергілікті халыққа жақын айшықты поэзия тілімен жазды.

Қожа Ахмет Ясауи түркі тілінде жыр жазудың үлгісін жасап, түркі тілдерінің көркем шығармалар тудыру мүмкіндігінің мол екендігін дәлелдеді. Оның жазба әдебиет үлгісіндегі шығармалары түркі топырағында ертеден қалыптасқан суырыпсалмалық дәстүрдегі әдебиетке жаңа серпін, тың мазмұн алып келумен қатар, оны түр жағынан көркейтіп, кемелдендіре түсті. Сөйтіп, бұрыннан дидактикалық сипаты басым түркі әдебиеті насихаттық ой тұжырымдармен

толығыа түсті. Ол фольклор мен жазба әдебиеттің өзара жақындасуының, толысып, көркеюінің дәнекері бола отырып, Шығармашылық әдебиетінде ертеден қалыптасқан, Құран кәрімде баяндалатын тарихи аңыздар мен пайғамбарлар, әулие-әнбиелер жөніндегі апсаналарды хикметтерінде ұтымды пайдаланды.

Қожа Ахмет Ясауи шығармашылығы түркі-мұсылман әлеміне кеңінен танылып, Ясауише хикмет жазу дәстүріне айналды. Кіші Азияда Қажы Бекташ, Жүніс Әміре, Сүлеймен Бақырғани хикметтерінен Қожа Ахмет Ясауи сарыны байқалды. XII ғасырдан бері түркі халқының дүниетанымына елеулі ықпал еткен Қожа Ахмет Ясауи сарыны Асан-Қайғыдан Абайға, сондай-ақ күні бүгінге дейінгі қазақ ақындары шығармаларында көрініс тапқан.

Исламның таралуы үшін дүниеге әкелген сопылық философиялық трактаттардың иесі Қожа Ахмет Ясауи келешек ұрпаққа елеулі мұра қалдырды. Оның «Диуани Хикмет» атты туындысы адамгершілік, имандылық, әділдік, инабаттылық тәрізді күрделі мәселелерді сипаттап ашып көрсетуге арналған.

Қ.А.Ясауи өзінің бүкіл жарқын қабілеті мен дарынын, күш-жігерін түркі халқына, туған еліне жалпы түркі дүниесіне, әсіресе өскелең ұрпақтың тәлім-тәрбиесіне жұмсаған ғұлама. Оның әдеби, мәдени, сопылық шығармалары бүкіл түркі әлеміне, хикметтері мен рухани адамгершілік мұралары ұлттық тәлім-тәрбие беруде үлкен ықпал етуде. Сол себепті Ясауидің ілімі күні бүгінге дейін өз маңызын жоғалтпаған.

Ясауидің еңбектерінің өзектілігі мен маңыздылығы, ең бастысы шыншылдығының мол болуын оның қалам тартқан беттерінде он сегіз мың ғаламды жаратқан Алла тағаланың адамзат баласына тура жол көрсету үшін соңғы пайғамбарымыз Мұхаммед Мұстафаға с.ғ.с. түсірілген Құран кәрімнің үзінділерінің бейнеленгендігі болып табылады. Өйткені он төрт ғасыр бойына еш өзгермеген және әлемнің барлық тілдеріне дерлік аударылған қасиетті кітаптың сурелері мен аяттарын шебер пайдалану арқылы өз еңбектерінің ғылыми құндылығы мен шынайылық деңгейін арттырды.



Күнсүлу ЭСЕТОВА,
экскурсовод



ЖӘДІГЕР

ЕЖЕЛГІ ТАРАЗ ҚАЛАШЫҒЫНАН ТАБЫЛҒАН ЖӘДІГЕРЛЕРДЕГІ ДІНИ ҒҰРЫНТАР КӨРІНІСІ

Мыңдаған жылдық тарихы және мәдениеті бар Қазақстанда өжелгі және ортағасырлық Тараз тұрғындары өмірінің көптеген салалары – шаруашылығының, тұрмысының, саяси тарихының және заттай мәдениетінің сырлары тарихи және археологиялық жаңалықтар негізінде ашыла түсуде.



Ұмай ана

Дегенмен діни наным-сенімдерді зерттеуде тек жазба деректердің аздығынан ғана емес, сондай-ақ дүниеден өтіп кеткен адамдардың рухани өмірінің жан дүниесіне енудің күрделілігінен де қиындықтар туындап отыр. Қазіргі таңда, нақты материалдарды талдау барысында анықталып отырғандай, Тараз қаласында табиғат күштеріне, жануарлардың тылсым күштеріне байланысты туған діни наным сенімдерден тараған бақсылық, отбасылық-тұрмыстық жөн-жоралғылар жайында мағлұмат беретін археологиялық жәдігерлер көптен табылып отыр.

Ұлы Жібек жолының бойында орналасқан Тараз қаласы – тек саудагерлер қаласы емес сонымен қатар рухани орталық та бола білген. Қазба жұмыстары барысында заттай мәдениет бұйымдарының түрлі жиынтықтары, соның ішінде бірінші кезекте атап өтерлік керамиканың қызықты үлгілері жинап алынды. Кейбір керамика бұйымдары өздерінің тікелей міндеттерінен басқа семантикалық мәнге де ие болып отырған. Бұйымдардың және оларға салынған өрнектердің семантикасын ашу дүниеден өтіп кеткен бабалардың рухани өмірін бағалап, оны тереңірек түсінеуге мүмкіндік береді. Мұндай дүниелер қатарында ошақтар да бар. Ерте ортағасырларда осы өңірде басым көпшілікті құрған түркі халықтарының арасында отқа табыну кең тараған болатын. Византиялық елші Земарх түркілерде отпен тазалану болғандығы туралы хабарлайды. Сюань Цзянь түркілер «отқа мінажат етеді» деп жазды. Қазақтар отты әулие және от-ана деп атайды. Отты үйдің жебеушісі, үйдің қасиетті орны деп есептейді. Үйлену тойы рәсімінде оттың маңызы үлкен болды.

Осы орайда көне түркілерде отты қастерлеумен тығыз байланысты мән-мағынасы кең құдай – Ұмайға табынушылықтың болғандығы еске түседі. Бұл табынушылық отты «от-ана» деп аталатын әйел құдай бейнесінде көруден тұтап. Ұмай ананың тасқа қашалған, VI ғасырға жататын бейнесі осы өзіміздің киелі мекен Жамбыл облысы Талас ауданы Билікөл маңынан табылған. Бұл дегеніміз – Тараз қаласы сонау заманнан бері рухани орталықтардың бірі болғандығының дәлелі.

Этнографтар жануарларды киес тұтудың жұрнақтары жайлы қызықты бақылаулар жасады. Олардың пікірінше, зороастризмның шеткі аймақтары, соның ішінде жануарлар әлемінің құдай санатын шығаруға негізделген ежелгі дін түрлерінің көптеген элементі өте өміршен болған.

Мысалы, бұқаның киелі маңыздылығы оның тотемдік идеямен тылсым байланыста болғандығымен түсіндіріледі және жерлеу салтындағы адам мен жануар жандарының қосылатыны туралы түсінік те осы категориядағы түсініктерден бастау алады. Ежелгі Тараз қалашығында 2011-2017 жылдары үздіксіз археологиялық қазба жұмыстары нәтижесінде табылған ыдыстардағы бейнелер арасында бұқаның яки сиыр басының қарсы алдынан сызылып салынған суреті мен XI ғ. жататын сукұйғыштардың бұқаның басы түрінде жасалған шүмектері кездеседі. Ірі қара малдың салт-жоралық маңызы зор екені белгілі. Ортаазиялық халықтардың діни наным-сенімдерінде бұқаның маңызды рөлін ашып көрсеткен К.В.Тревер алғашқы адам–Гайомарт – бұқа адам бейнесін талдауға мақала арнаған болатын.

Зороастризмде бүкіл тіршіліктің негізінде адам және бұқа бейнесі жатыр. IX-XII ғғ. сиыр мен бұқа бейнелерінің көнедегі маңызы ұмыт қалғаны сөзсіз, дегенмен де дәстүрлердің өміршеңдігін тарихи және этнографиялық материалдардан байқауға болады.

Мысалы, қаналдарда судың мол болуы және мол астық алу үшін бұқаны су күштеріне құрбандыққа шалу ғұрпы соңғы уақыттарға дейін сақталып келді. Сукұйғыштарға бұқаны бейнелеудегі мақсат – ыдыстың әрдайым толы болып тұруы мен оның қожайынына

аман-саулық тілеу ырымымен байланысты болса керек. Көне Тараз қаласының тарихымен тығыз байланысты әлі де жете зерттеуді қажет ететін тақырыптың бірі – ертедегі қала тұрғындарының діни нанымдары. Тарихи деректер бойынша Тараз қаласының тұрғындары зороастризм, манихей, будда және ислам дінін қабылдаған. Көп ғасырлар бой ұсынып қабылдаған және археологиялық қазба барысында зерттеліп дәлелденген діннің бірі зороастризм. Бұл дін Иранда I-II мыңжылдықта өмір сүріп, бертін келе V ғасырда Тараз қаласының тұрғындары қабылдаған. Зороастризм жоралғысымен жерленген алғашқы табыттар 1904 жылы Атшабар, 1931 жылы Ленин мен Базар көшелерінде жер қазу кезінде кездейсоқ табылған. 1932-1933 жылдары қаланың түстік жағындағы Тектұрмас жотасында құрылысқа тастар алып жатқанда адамның сүйегі салынған бірнеше ыдыстар кездескен. Осыған орай 1939 жылы археолог Г.Н. Пацевич қазба жұмысын жүргізіп ежелгі қала тұрғындарының жаппай жерлейтін зираты



Құман сиыр бейнеленген

екендігі анықталды. Қазба барысында 1500-ге жуық киіз үй формалы құмыралар сияқты табыттарға жерленгені анықталды. 1997 жылы облыс жасайлығының қолдауымен жүргізілген қазба жұмысы кезінде негізінен ішкі камал тұрған жерінен көлемі 10х 10 м, үстіңгі қабаттан Әулиеата кезінде қиыршық тастардан төселген алаң табылды. Одан әрі 1,5 м тереңдікте кірпіштен және соқпа дуалдан қаланған бірнеше бөлмелер, тіпті бір бөлмеден күшті өрт болғандығын растайтын қалыңдығы 5 см, өртенген қамыстың қалдығы және осы уақытқа дейін бүлінбей сақталған құмыра және басқа да ыдыстар шықты. Осы Тараз қаласындағы қазба барысында табылған 13 соғды және Түркі дәуірінің тиын ақшалары сөз жоқ жуыр маңда ақша жасайтын сарай болғанын дәлелдейді. Осы жерден аузы төмен қарап төңкеріліп қалған зороастризм дініндегі адам жерлейтін құмыра табытының табылуына қарағанда, осында қайтыс болған адамның өлігін табытқа салып Тектұрмас зиратына жерлеу үшін алып келген болуы керек, бірақ үлкен бір апаттың әсерінен қалып кеткенге ұқсайды. Мұндай қаланың орнынан адам жерлейтін зираттың жабылуы тарихта бұрын-соңды кездеспеген жағдай.

Қазақстанға белгілі ірі ғалым К.Байпақов Шөженнің Талас бойында қала салғанын айта кетіп «Екі жыл ішінде салынған қала мықты бекітілген, айналасы екі қатар қабырғаларымен қоршалған сыртқы қабырғасы ағаштан, ал ішкісі саздан тұрғызылған, мұнаралары бар», деп суреттейді. Осыған орай біз үшін тағы бір жаңалық, қазбаның оңтүстік жағындағы қабырғасынан 6 г тереңдіктен қап-қара саздан өріліп шыққан ұзын қабырғаларының қалдығын таптық. Кім біледі бұл құрылыс Шөженнің Қытай әскеріне қарсы күрес үшін салған ежелгі Тараз қаласының бекініс орны болар, әрине оны зерттеу – келешектің ісі.

X ғ. басында Қарахан әулетінің атасы Сатық бура хан исламды қабылдады, ал оның ұлы Харун бура хан б. Мұса 960 ж. исламды

мемлекеттік дін деп жариялады (81). Орталық Азия мен Қазақстан жеріне ислам дінінің енуіне байланысты екі мәдениет – тәңір мен рух өзара үйлесім табады. Егер түркі туына көк бөрі мен сегіз қырлы жұлдыз, жаңадан туылған ай бейнеленсе, арабтарда көк-жасыл ту мен ай танбаланған. Тулардың ұқсастығы түркі мен араб елдері мәдениетін бір-біріне жақындата түседі. Екі ел мәдениеті тұтасып, мұсылман өркениетін қалыптастырады. Соған орай екі алфавит тартысқа түседі. Бірі – түркі мәдениеті мен түркі алфавиті, екіншісі – араб-парсы мәдениеті мен алфавиті. Бірақ бірте-бірте түркі алфавиті араб графикасына ойысып, ыңғайлана бастайды да, ақыр соңында біржола орнын береді. Дегенмен, ислам өркениетінің келуіне орай, Жібек жолы бойында сауда орталықтары, мешіттер, медреселер, оқу орындары, кітапханалар, моншалар, жолдар салынады. Тараздан шыққан шынылтырлы ыдыс-аяқтың арасында араб әріптерінің әрлеушілік мүмкіндіктері пайдаланылған керамика көп кездеседі. Жазулардың біразы тек безендіру сипатына ие, олар оқымайды, алайда бірқатарының әртүрлі ізгі тілек, ғибрат түріндегі және діни мағынасы бар. Металдан, мыс пен қоладан бұйымдар шығаруда ізгі тілек айтылған және діни мағынадағы жазулармен безендірілген ыдыстар сәнге айналған. Бұл орайда ең алдымен шамдалдардың және оларды қоятын аяқты цилиндр түріндегі биік тұғырлардың мол жиынтығын атап өту керек. Қалаларда сауда-саттықтың нәтижесінде, құмыралардың ізгі-тілек жазылған түрлері көп тарады. Ұзамай мұндай ыдыстар жергілікті жердің өзінде шығарыла бастады.

Ортағасырлар кезеңінде Қазақстанда тамаша сәулеттік ансамбльдері, сарайлары мен мешіттері, күмбезі көк тіреген кесенелері, медреселері және көзешілік, теміршілік, зергерлік шеберханалары бар ондаған қалалар гүлденіп өсті.

Тұтастай алғанда, IX-XIII ғғ. кезеңін мұсылмандық Шығысқа қатысты қарастырғанда, белгілі швейцариялық шығыстанушы Адам Мец «Мұсылман Ренессансы» деп атады. Бұл пікір Қазақстанның мәдениетіне де толық қатысты. Өзінің «Тарих толқынында» атты кітабы мен көрнекті мақалаларында Н.Назарбаев бейнелі түрде былай деп жазады: «Егер біз мемлекет болғымыз келсе, өзіміздің мемлекеттігімізді ұзақ уақытқа меңзеп құрғымыз келсе, онда халық руханиятының бастауларын түсінгеніміз жөн».

Археологиялық зерттеу жұмыстары көне қаламыз Тараздың осыдан екі мың жыл бұрынғы мәдениетіміздің ірі ошақтарының бірі болғанын айғақтады. Бұл біз үшін үлкен жетістіктер және ата-бабаларымыздың сан ғасыр бұрын да дала мәдениеті мен қала мәдениетін қатар дамытқан өркениетінің жемісі. Мәңгілік қалаға айналған Тараз қаласы – бабаларымыздың сол дәуірдегі мәдениет пен өркениетті ғаламдық тұрғыда дамыта білгенінің дәлелі болып, мәдениеті дамыған Еуропа елдерінің көшпелі Түркі халқы туралы теріс пікірі мен варварлық жабайылыққа санаған ойларына ауыр соққы болып тиді. Елбасы Н.Ә.Назарбаев айтқандай: «Қазақ тарихында Қазақ ұялатындай ештеңе жоқ». Мәңгіліктің қаласы өз бастауын алған



Табактар араб жазулар


сонау б.д.д 100 жылдықтан бастап әлі өмір сүруін тоқтатпай өркендеп келеді. Осылайша, көненің көзі болып, көкірегі ояу ұрпағына жеткен Тараздың асты әлі де сырлы тарихқа тұнып тұр. Әлі де қазба жұмыстарын жүргізетін қаншама жерлер бар. Тарихымыздың терең қойнауына үңілетін болсақ, қасиетті Тараз өңірі тағы да өзінің қатпар-қатпар бізге белгісіз талай ақтаңдақтардың сырын ашары ақиқат.

Акпан Жамал
Әлімқызы,
«Ежелгі Тараз
ескерткіштері»
тарихи-мәдени
қорық-музейі
«Музейге қызмет
көрсету бөлімінің»
басшысы



«100 АҢЫЗ» КІТАБЫ

ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИДІҢ АТА-БАБАСЫ ЖӘНЕ ҰРНАҚТАРЫ ТУРАЛЫ



Ысқақ бабтың ұлы Харун шайық. Оның ұлы Момын шайық. Оның ұлы Мұса шайық. Оның ұлы Ысмайыл шайық. Оның ұлы Хасан шайық. Оның ұлы Осман шайық. Оның ұлы Омар шайық. Оның ұлы Мухаммад шайық. Оның ұлы Ифтихар шайық. Оның ұлы Махмуд шайық. Оның ұлы Ілияс шайық. Оның ұлы Ибраһим шайық.

Ибраһим шайықтың екі ұлы бар еді. Бірінің аты – Ахмет Қожа және тағы бірінің аты – Садыр шайық еді. Садыр шайықтың да екі ұлы бар еді. Бірінің аты – Әбділмәлік еді және тағы бірінің аты – Данышманд қожа еді. Оның ұлы – Маулана Сафи ад-дин Орұн Қойлақы еді. Әбділмәліктің ұлының аты – Абдал Али еді (Оған Алланың рахметі болсын).

«Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейі жинақтаған «100 аңыз» кітабынан

27-ХИКМЕТ



ДИУАНИ ХИКМЕТ

Хақ тағала фазылы менен пәрмен қылды,
Естіп, біліп қылуетке енді Құл Қожа Ахмет.
63-те сүннеттерін берік тұтып
Естіп, оқып қылуетке енді Құл Қожа Ахмет.
Жер үстінен пар кештім де, тірі өлдім,
63-те «сүннет» - деді оған көндім.
Жер астында құлдық ұрдым күңірендім,
Естіп, оқып қылуетке енді Құл Қожа Ахмет.
Жарандардан нәтуға-пайыз жәре алмадым.
125 жыл жасасам да біле алмадым.
Хақ тағала тағаттарын қыла алмадым,
Естіп, оқып қылуетке енді Құл Қожа Ахмет.
Болар ма екем Мұхаммедтің шын үмметі.
Үммет қылса міскіндердің ең қымбаты...
Шекер-балдай болар маған бар михнаты,
Естіп, оқып қылуетке енді Құл Қожа Ахмет.
Біздер үшін жан қинаған – ол Мұхаммед,
Адал болып қам қылмайды жсалған үммет,
Шын үмметтер табар сонда жаны рахат,
Естіп, оқып қылуетке енді Құл Қожа Ахмет.
Елу жаста еске түсті өлім бары,
Әр үмметтің боланы абзал ар-иманы.
Махиар күні оған даяр Хақ дидары
Естіп, оқып қылуетке енді Құл Қожа Ахмет.
Ей, мүһміндер, бұ дүниенің баяны жоқ,
Өлім анық бұл сөзімнің жсалғаны жоқ,
Кім білмесе бір Алланы, иманы жоқ,
Естіп, оқып қылуетке енді Құл Қожа Ахмет.
Асылым топырақ, нәсілім топырақ, баршадан қор,
Басып өтсен мүрдем жатқан қазылған көр.
Ондайлармен жыны-шайтанның әуресі мол.
Естіп, оқып қылуетке енді Құл Қожа Ахмет.
Шын әкірге құда өзі қылар рахмет,
Таңда барса жәннат көріп көрер дүлет,
Махиар күні дидаз көріп қонар қаулет,
Естіп, оқып қылуетке енді Құл Қожа Ахмет.
Пенде болсаң михнат тартқыл гафіл адам,
Ақылды алсаң ганибет қой саған одан,
Аманат қой газиз жаныңды қимайсың ба?
Естіп, оқып қылуетке енді Құл Қожа Ахмет.
Құл Қожа Ахмет 63-те «ғайып» болды,
Әдеп сақтап Мұстафаға найып болды,
Сұлтан болды, михнат шегіп кәріп болды,
Естіп, оқып қылуетке енді Құл Қожа Ахмет.

МӘДЕНИ МҰРА

ӘУЛИЕ ҚҰМШЫҚ АТА ҚЫЛУЕТІ



Киелі Түркістан топырағында, әулие Қожа Ахмет Ясауидің мәңгілік тыныс тапқан мекенінде кімдер өмір сүрмеді?! Қаншама әулиелер мен атақты тұлғалар дәл осы киелі орынды мекен етті. Сол киелі орындардың бірі Құмшық ата қылуеті – Ахмет Ясауи кесенесінен оңтүстікке қарай 1 шақырым жерде, қаланың ортағасырлық бөлігінен тысқары, ашық жерде орналасқан. Сопылардың салт- жоралғыларымен байланысты діни құрылыстар қатарына жатады. Қазақстанның оңтүстігіндегі қылуеттер құрылысының басы негізінде 9 ғасырға жатады және ол исламдағы шафигит-еретиктердің осы жерге келуімен байланысты болуы мүмкін, олардың жерасты құрылыстары ғарларда жасырынғаны мәлім. Оның мағынасы бірқатар түркі тілінде «жасырын», «құпия» түсініктерімен байланысты.

Алғашқы археологиялық зерттеу жұмыстары Т.И.Сенигованың шитті қабырғаның қалдықтары бар төбені тазарту барысында жерасты ескерткішті Қожа Ахмет Ясауидің өмірімен байланыстырып, VIII-X ғасырларға жатқызуға мүмкіндік берді. Ескерткіштің қолданылу уақытының ұзақтығы бірнеше рет жүргізілген жөндеу жұмыстары мен оның табылған уақытына дейін кезеңде жекеленген конструкциясының қирауы көрсетеді. Ескерткіштің жерасты бөлігі 1985 жылы қайта қалпына келтірілген. 2013 жылы оның үстіне жабын конструкциясы

бойынша үйінді көтерілген, ескерткішке кіретін орны да бар. Қылуеттің жерасты бөлігі арнайы қазылған. Едендері күйдірілген кірпіштің екі қатарынан жасалған. Бөлмелердің қабырғаларында жарықшамдарға арналған кішкентай қуыстар бар екіншіше қарай. Қылуеттің кіреберісіндегі бас-палдақтың сатылары табылмаған. Қылуеттің теңіз деңгейінен биіктігі 228 м. Биіктігі 3,4 метр, ұзындығы 15,7 метр, күмбезді бөлмесінің ені 3,5 метр. Күйген қыштан қаланған сәулеттік құрылыс. Орталық Азия мен Қазақстанның оңтүстік аймақтарына тән. 1972-1973 жылдары Қазақ ССР тарих, археология және этнография институты және Қазақ ССР Мәдениет министрлігімен бірлескен

археологиялық экспедиция зерттеу жүргізген бұл ғұрыптық құрылыстың басында тіктөртбұрышты ойық орналасқан. Ойық қылуетке кіретін есік қызметін аткарып, иректелген тар дәлізбен жалғасады. Дәліз шеңбер пішінді бөлмеге алып барады және ол қылуеттің негізгі бөлмесі болып табылады. Осы негізгі шеңбер пішінді бөлме төртбұрышты соңғы бөлмемен аяқталады. Шеңбер пішінді бөлменің төбесі күмбезділіп, ал төртбұрышты бөлме шар тәрізді жабылған. Дәлізі иілген түрде негізгі бөлмелер сияқты, күйдірілген кірпіштен қаланған. Дәліздің орта тұсында жарық түсірілуге арналған құдық пішінді ойық орналасқан. 1994 жылғы «Қазақстанның тарихи-мәдени ескерткіштер шежіресінің» Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша жинағына №590.12 санды нөмірімен енгізіліп мемлекет қарауына алынған. Жалпы қорғау аймағы 6,0 га.

Құмшық ата қылуетінің айналасында орналасқан тұрғын үйлердің бірінде тұратын Наушабарбек есімді қарияның айтуы бойынша, 1930-жылдары бұл жерде қираған үйдің орны болған дейді, 1969-1970 жылдары бір топ тәжік шалдар келіп 5-6 күн түнеген және олардан сұрағанда

жердің астында сопылардың кірпіштен қаланған жерасты мешіті бар, соны іздеп келдік деп айтқанын жеткізеді. Арада біраз уақыт өткен соң 1972-1973 жылдары Сенигова осы жерге келіп, зерттеу жұмыстарын жүргізеді. Т.Н.Сенигованың 1976 жылы жазылған «Уникальное культовое сооружение аулие кумчик ата в районе г.Туркестана» атты мақаласында жоғарыда айтылған 1972-1973 жылдарғы қазба жұмыстарында екі орынды зерттегендігі, олардың Қылует және Құмшық ата екендігі айтылады. Әулие Құмшық ата атауы «әулие атаның құмды төбесі» деген мағынадан шыққан деп көрсетілді. 50 см қабырғасы қалған 3 бөліктен тұрады, ортасында михрабы бар, құрылыс орнынан төменгі қабаты 60,80% қабырғалары сақталған. Сенигованың зерттеу жұмыстары біткен соң құрылысты қара қағазбен жауып кеткен.

1970-1980жж. арасында жергілікті тұрғындар бұл құрылыстың кірпіштерін тасып кеткен. 1985ж. М.Тұяқбаев барғанда құрылыс орнында ешнәрсе қалмаған, бұл жерге қайтадан қалпына келтіру жұмыстарын жүргізіп, ұрланған кірпіштердің орнын жаңа кірпіштермен толтырып, қайта

қалап шығады. Аңыз бойынша қылуеттің төрде орналасқан төртбұрышты бөлмесінде әулие Құмшық ата отырған, соның ішінде өмір сүрген, кейбір деректерде Құмшық деп те келеді. Ол өзі сопы болған кісі. Мазараты белгісіз. Қылуетке сырттан кіру үшін жоғарыдан түсетін жол арқылы ағаш сатымен түскен, ол орын сырттан күн сәулесін түсіріп әрі ауаны тазартып тұру үшін де пайдаланылған. Қылуеттің үстінде мешіт болған. Шәкірттері ортадағы дөңгелек бөлмеде отырған. Дәл осы жерде Қожа Ахмет Ясауимен байланысты көре аламыз. Қылует те дәл осылай пайдаланылған. Жерасты ғар бөлмесінде шейх отырса, жоғарыда орналасқан бөлмеде шәкірттері зікір салған. Қылует жерасты мешітіндегі ғар осыған қарап жасалған деген де дерек бар, себебі Қожа Ахмет Ясауи Құмшық атаға келіп түнде құран оқып тұрған дейді, құймақұлақ қариялар яғни Қожа Ахмет Ясауи әулие Құмшық атаның ғарын ерекше орынға жатқызғандығын көреміз. Кейбір деректерде Ахмет Ясауидің қылуетінен Құмшық атаға баратын жерасты жол болған деседі. М.Тұяқбаев, Е.Смағұлов 1996 ж. қылуетті қазған мен Құмшыққа

кететін жолды көрсетер ешнәрсе таппаған. Қылуеттің көлемі 1.20см яғни өте кішкентай. жерасты жолы терең орналасқан болуы мүмкін, Орынбай Дастановтың айтуы бойынша, Құмшық атаның бергі бетінде 10-15 метрдей жер сақталған, ал қалғаны құлап қалған жерасты тунелі болған. Жерасты қылуеті келушілерге өзінің ерекше архитектурасымен ғана емес, сонымен қатар діни тұрғыдан наным-сенімдерді атқаратын қасиетті орын ретінде бағаланады. Алдағы уақытта осы орынға арнайы түсірілім жасау жоспары да бар. Егер де келуші туристер мен зияратшыларға осы орынды көруге мүмкіндік жасалса бұл біздің музейіміздің дәрежесін арттыруға өз үлесін қосары сөзсіз.

Салтанат ЕРАЛИЕВА,
экскурсовод



КӨНЕ ТАРИХ КӨМБЕСІ

ШЫҒАЙ ХАН ӘУЛЕТІНІҢ СҰЛТАНДАРЫ

Қожа Ахмет Ясауи кесенесі – ел ынтымағын ойлаған хандар мен билер, жер тұтастығын қорғаған батырлар, елдің игі жақсылары жерленген қасиетті жер. Мұнда жерленген тұлғаларымыздың әрқайсысы ел болып құрметтеуге лайықты. Әрбір тұлғаның қоғамдық қызметі мен ерлік істері, қиырқақ толы өмір жолы тарихи бір белес. Халқымыздың басына түскен қиын-қыстау күндерінде өзінің тиесілі міндеттерін абыроймен атқарып, ерлігін келешек ұрпаққа үлгі-өнеге етіп қалдырған қазақтың хандары мен сұлтандары тарих бетінде өшпес із қалдыра білген.

Бүгінде тарихи деректер бойынша Түркістанда қазақтың 21 ханы жерленгені, олардың 14-і Ордасын тігіп Түркістанды өздерінің астана еткендігі анықталып отыр.

Қазақ хандығын аз уақыт басқарса да атты мемлекет тарихында құрметпен аталатын Шығай хан Жәдік әулетінен. Жәдік пен оның ұрпақтары жөніндегі негізгі деректерді Қадырғали Жалайыри (XVII ғасырда) келтіреді. Ол былай деп жазады: «Қасым хан өмір сүрген кезде Жәдік хан да өмір сүрді, оны Жыланды төбеде болған шайқаста Шығым мырзаның ұлдарының біреуі өлтірді. Оның бейіті Үргеніштегі Бақырған атада. Жәдік ханның әйелдері мен ұлдары көп болды, ұлдарының ішіндегі ең белгілілері – Тоғым хан, Бөкей сұлтан, Шығай хан, Мәлік сұлтан. Соңғыларының анасы Абайхан бегім болды. Тоғым ханның ұлдары Тоғыз сары деп аталады. Тоғым хан Мәліктің ұлы Бәшібек сұлтанмен, барлық Тоғыз Сары бірге Жаға атаның шегінде қаза тапты. Жәдік әулетінде 37 белгілі сұлтан болды». В.В. Бартольдтың айтуынша Тоғым ханмен бірге болған бұл 37 сұлтан Моғолстан ханы Рашидпен 1537-1538 жылдары болған шайқаста қаза тапқан. Бартольдтың деректерін белгілі ирантанушы О.Ф.Акимовский де растайды.

Осы әулеттің бір тармағы болып келетін Шығай хан өзінің ұлдарын мемлекетшілдікке, ел басқаруға, қазақ мүддесін қорғау жолында әрқашан

батырлық пен батылдық танытуға тәрбиелеп кетті. Тынымсыз қанды жорықтарда және игі жақсылардың басы қосылған алқалы жиындарда есейген ұлдарын өзіне жақын ұстаған және оларды ел басқару ісіне ерте араластырған ол тұтас әулетке үлгі болды. Әкенің қайраткерлік жолын жалғастырған оның соңында қалған балалары қазақ мемлекетінің билігін, бас тізгінін екі ғасырдай қолдарынан шығармай, сенімді ұстады. Шығай хан ісі қазаққа Тәуекел, Есім тәрізді айбарлы да айбынды хандарды, Ұзын оқты Ордан сұлтанды, Онданұлы Қайнар Күшек сұлтандардай, елі үшін еңбек етер ерлерді тәрбиелеп кетті. Қ.А.Ясауи кесенесінде Есім ханнан бастап Шығай хан ұрпақтары жерленген. Солардың ішінде ерлігі мен ақылы елден асқан, беделі мен саясаткерлігі кез келген ханнан кем түспейтін, бірақ түрлі себептермен хан сайланбаған Шығай хан ұрпақтары бар. Солардың қатарында Шығайұлы Ондан сұлтан мен Онданұлы Қайнар Күшік сұлтандар да бар.

Ондан сұлтан – Қазақ сұлтаны, батыр, Шығай ханның ұлы. Анасы Шығай ханның бәйбішесі Байым-бикем, одан Сейітқұл сұлтан, Ондан сұлтан, туады. Шамамен 1555 жылы дүниеге келіп, 1585 жылы ұрыста қаза болған. Шығай хан – тұсында әскердің бас қолбасшысы болған. Сыртқы жауларға қарсы күресте көп ерлік көрсеткен, садақ атудың керемет шебері ретінде танылған. Осы қасиетіне қарап халық

арасында «Ұзын оқты Ондан» деген лақап атқа ие болғандығы аңыз боп тараған. Көп уәлаяттарды бағындырып, өзіне қаратқаны да тарихтан мағұлым.

Кейін бауыры Тәуекелдің хандық құрған алғашқы кезеңінде қалмақтармен арада болған үлкен соғыста 30 жасқа келген Ондан сұлтан 1585 жылы қаза болады. Бұл кезең Қазақ хандарымен ойрат билеушілері арасында Орталық Азия қалалары үшін жиі-жиі қақтығыстар болғандығымен тарихтан белгілі.

1585 жылы қалмақтармен арадағы соғыста Қазақ Ордасы жеңіске жетеді. Бұл кезде ойраттардың бір бөлігі Тәуекел ханға бағынышты болды. Тәуекел хан Мәскеуге жолдаған грамотасында өзін қазақтар мен қалмақтардың патшасы деп атады. Елшілік құжаттарында да Тәуекел қазақ-қалмақ ханы деп аталады.

Ресей патшасы Федор Ивановичтің өз кезегінде Тәуекел ханға жолдаған құжат-хатында: «Бұдан бұрын ұлысыңыз бытырап кеткен еді, енді құдайдың рахымынан екі Орда – қазақ пен қалмаққа қатарынан билік жүргізіп отырсыз», деген сөздер бар. Яғни, Ресей өкіметі Тәуекел ханның Қалмақ Ордасын өзіне қаратып отырғанына күмән келтірмейді. Сонымен қатар өз елшісіне тапсырған құпия нұсқауында: Қазақ Ордасына қалмақ жұртын түгелімен тәуелді болып отыр ма, әлде белгілі бір бөлігі ғана кіріптарлыққа түсті ме осыны нақты анықтауды тапсырады. Тиісті құжаттар толық сақталмаған себепті, орыс елшілігінің бұл тарапта қандай мәлімет жинап қайтқаны белгісіз. Осы кезеңдегі Ойрат Одағына қатысты басқадай да мағлұматтарды, қалмақ руларының көші-қоны, тұрақ-мекені туралы деректерді байыптасак, қазаққа қараған – торғауыт пен дүрбіт деп шамалауға болады.

Тәуекел ханның інісі Ондан сұлтанның баласы Ораз Мұхаммед пен

әйгілі қазақ тарихшысы Қадырғали Жалайыри 1588 жылы Ертіс бойында тұйғын салып жүргенде орыс әскерлері ұстап әкетіп, Мәскеуге апарып, «барымта» етіп ұстайды. Тәуекел хан өз ұлы Құсайынды Мәскеуге аманатқа беріп, ондағы Оразмұхаммед сұлтанды қайтарып алмақ болады. Осы мәселе бойынша Тәуекел хан 1595 жылы көкек-маусым айларында Вельямин Степанов бастаған орыс елшілігін қабылдайды.

Ондан сұлтан жайлы М.Тынышпаевтың «Материалы к истории киргиз-казахского народа» деген еңбегінде және Вельяминов-Зерковтың «Исследования о Касимовских царях и царевичах» атты еңбектерінде айтылады.

Қазақтың XVI – XVII ғасырлардағы айтулы ғалымы Қадырғали Қосанұлы Жалайыри өзінің «Жылнамашылар жинағы» деген еңбегінде «Менің аталарым Ораз-Мұхаммед сұлтанның аталарына қызмет етті. Өзім Ораз-Мұхаммедтің атасы Ондан сұлтанды қызмет еттім, одан соң Ораз-Мұхаммедтің қасында болдым» деп жазады.

Шын мәнінде әскер басы Ондан сұлтан қаза тапқан соң Қадырғали Жалайыри оның 13 жасар баласы Ораз-Мұхаммедті ертіп, ауыл-аймағымен Сібір ханы Көшімнің қол астына көшеді.

Ондан сұлтанның Қожа Ахмет Ясауи кесенесіне жерленгені жайлы М.Дулатов өзінің 1913 жылы «Қазақ» газетінде жарияланған «Хазірет Сұлтан» атты мақаласында жазады.

Ондан сұлтанның бірінші әйелі – Алтын ханым – Үсек ханның баласы Болат сұлтанның қызы. Бәйбішесі Алтын ханымнан Ресей жеріндегі Қасым (Касимово) хандығының ханы Ораз Мұхаммед пен Тәтті ханым дүниеге келеді. Ал екінші әйелі – Сүйім ханым – Бұрындық ханның ұлы Кемсін сұлтанның қызы екен. Ондан Қайнар Күшек сұлтан

(кей деректерде Көжек сұлтан) туылады. Ондан сұлтан 1585 жылы қайтыс болған соң Қ.А.Ясауи кесенесіне жерленеді.

Қайнар Күшек сұлтан Онданұлының туған жылы белгісіз, шамамен 1598 жылдың екінші жартысында қайтыс болған. Ондан сұлтанның екінші бәйбішесі Сүйім ханымнан туылған. Тәуекел хан тұсындағы беделді сұлтандардың бірінен саналған. Олай деуге себеп «Қазақтың ата заңдары» атты еңбекте «Бұл кездегі Қазақ Ордасындағы билігі зор, ең беделді сұлтандар – Шах-Мұхамед пен Көшек. 1598 жылғы хан сайлауда Шах-Мұхамед жоқ, ал Көшekten Есімнің жолы үлкен», деп жазады. Есімнің 1598 жылы хан сайланғанын ескерер болсақ Көшек сұлтанның Тәуекел хан тұсында беделі де, билігі де жоғары болғанын көреміз.

Көшек сұлтан ағасы Есім ханның да жорықтарына белсене қатысып, қол бастаған. М.Мағауин «Қазақ тарихының әліппесі» атты еңбегінде «Есімнің өзі інісі Көшек сұлтан бастаған қазақ жасақтары Шығыс Түркістандағы соғыс қимылдарына белсене кіріседі» – деуі Көшек сұлтанның хандықтары орын айықтап тұр. Ел арасында Қайнар Күшек деген атпен белгілі болған ол.

Алаш Орда өкіметінің төрағасы, Ресей мемлекеттік думасының депутаты Әлихан Бөкейханның арғы аталары.

Қалай, неден қайтыс болғандығы туралы нақты дерек жоқ.

Сакен
ШАМЕТОВ,
ғылыми
қызметкер





ФИБРАТ

ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ КЕСЕНЕСІНЕ ЖЕРЛЕНГЕН ТҰЛҒАЛАР – ҮСЕН БИ

Ертеде өлден алыс жерде қайтыс болған адамды туған топырағына алып келіп жерлеу барша түркі халқына тән қасиетті дәстүр саналған. Қазақ жұртының қасиетті жері, өл «Өзірет Сұлтан» деп атаған Қожа Ахмет Ясауи үшін өлдің қадірлі, қоғамда ерекше орын алған, тұлғаларын алып келіп жерлеу үрдісі көптеген ғасыр бойы қалыптасты.

Ел арасындағы деректерге сүйенгенде қазақ жерінің түкпір-түкпірінен қайтыс болған танымал адамдарды жерлеу үшін мұрдесін, сүйегін Түркістанға алып келу кезінде мұрдені сақтаудың түрлі әдістері қолданылғанын байқаймыз. Қазақтарда дәстүрге орай қайтыс болған атакты адамдарды аманат ретінде уақытша жерлеу ғұрпы болды.

XVIII ғ. соңы – XIXғ. басындағы қазақ қоғамның өмірін, тұрмысын зерттеген А.И.Левшин казактардың жерлеу, ас беруге байланысты рәсімдерін айтады. Сонда «бай адамды қыста қайтыс болғанда Орта және Үлкен Ордада жерлеудің орнына киізге немесе матаға (былғарыға) орап, ағаштарда іледі. Көктемде Түркістанға апарып әулие Қожа Ахмет мазарының жанына жерлейді» деп көрсетілген.

Үсен Құли баласының сүйегін де Сарыарқадан кесенеге арнайы алып келіп жерлеген екен. Деректерге қарағанда алпыс шұбар атпен арнайы көш жабдықталған. 1856-1857 жылдары Ш.Уәлиханов жазып алған «Көкөтай ханның өлімі мен асы» жырында «Әр атаның баласына алабас жорға мен шұбар ат беруім керек, асқа сойылған малдың етін мүшелеп-мүшелеп жасына қарай бөліп беруім керек» деген тұстарына назар аударсақ, шұбар ат беру, шұбар аттардың елдің салт-дәстүр, әдет-ғұрыптарында қолданылғанын байқауға болады. Сонымен бірге бидің қазасын жоқтаған жоқтаулар айтылып, ол ел арасына таралып, соңғы кезге дейін айтылып келген. Жоқтауды айтқан найманның қызы Ақшабақ болды. Үсен бидің ұрпақтарының айтуынша, бидің басына қойылған қабіртасын 1956 жылы кесененің өңтүстік порталынан көрген. Шаштұғыл би де Үсен бимен бір мезгілде кесенеді жерленген. Деректерге қарағанда Сарыарқадан екі қаралы көш бірге келген екен. Өзірет Сұлтанға алып келіп жерленген тұлғаларға арнаулы көш дайындалып, мәйіттер арнайы сақталып, сөреге қойылып, былғарымен қапталып, балға салынған. Үсен бидің тарихи шежіресін таратқан ұрпақтарының шежіресінде «атамекен қонысы Есіл – Атбасар – Қараөткел деген жерде, деп айтылады. «Қараөткел» қазіргі Астана қаласы орналасқан жер екен. Астанадан 305-310 шақырым қашықтықта орналасқан Жаксы қаласының өңтүстік батысында орналасқан «Балталы» деген жерде шежірені Кетбұқадан таратқан балталы руының ата-бабаларының қорымы бар. Қорым қазіргі заманғы және ескі көне заманғы болып екіге бөлінеді. Қорымның өңтүстік батыс жағында шамамен XIV-XVI ғғ. жерленген, жалпақ тастармен қоршалған, төрт құлақты, төбелері ашық қоршаулар бар екен. Кейбіреулерінің кезінде күмбездері болған. Осы қорымда Балталыдан тараған Үсен бидің ата-балалары жерленген.Түркістанда, Қожа Ахмет Ясауи

кесенесінде жерленген найман балталы Құли Үсен би ұрпақтарының шежіре таратуына сүйенсек 1750 жылы туылған. 1640 жылы туылған, өзі би болған Құли бабасының шөбересі болып келетін Үсен бидің егіз болғанын шежіреден көруге болады. Шежіреде Асан және Үсен болып таратылады. Шежіреден қарағанда Асаннан ұрпақ қалмаған. Құли бидің ұрпақтары «Бөлек» – «Бөлекше ана» деп қадірлеген аналарынан тараған ұрпақтары, атап айтқанда Құли бидің ұлы Жарасбайдың ұлы Жәлмембеттің баласы Үсен өз кезеңінде би болып, қазақ халқы үшін өте қиын заманда ғұмыр кешкен. Елі ардақтап, киелі жерге әкеліп жерлеуінің де оның қоғам үшін сіңірген еңбегін көрсеткендей. Құлидің Бөлекше анадан басқа Қарашаш анадан тараған ұрпақтары да бар. Шежіре деректеріне сүйенсек Жәлмембеттен туған Асан-Үсен деген ұлдары болған. Үсен биді Әбілғазы-Бексейіт тараған. Бидің осы ұлдарынан өсіп-өнген ұрпақтарының деректері негізге алынып отыр. Үсен би дүниеге келіп, өмір сүрген XVIII ғасырдың екінші жартысы мен –XIX ғасырдың басы қазақ қоғамы үшін күрделі саяси-экономикалық жағдайда өткені тарихтан белгілі. Қазақ қоғамында билер, шешен, батырлардың ел-жұртқа, ел игілігіне ерекше қызмет еткені әлімсақтан мәлім. Би болу қазақ қоғамында беделге негізделген. Үлгілі, өсетті, әділ, ары мен ақылына білімі сай шешен тұлға ғана қазақ қоғамында би бола алатын. Үсен би де сол кездегі елдің көш басшысы болған тұлғалардың бірі болды.

Қазақ қоғамында ерекше орын алған, елдің дана, көреген, жаужүрек хан, би, батырларының өмірден қайтқанын, ел үшін жасаған қызметі мен жақсы қасиеттерін айтып жоқтаған жоқтаулар кейінгі кезеңге дейін ел арасында көптен сақталды. Мұны Қазыбек бидің қызы Маңқаның Үсен биді жоқтаған қызы Ақшабақтың жоқтауынан көруге болады.

Ертедегі қазақ дәстүрі бойынша қайтыс болған адамның әйелі мен қыздары жоқтап дауыс айтқан. Адамның өміріндегі елеулі оқиғалардың бәрі жоқтау жырына қосылып отырған. Қаралы көш әр ауылдың үстінен өткенде, тұлданған атты жетектеген әйел мен қыздары дауыс айтып жылаған. Қайтыс болған адам туралы жоқтау осы кезге дейін келіп жетіп отыр. Қазақтың би, батырларына арналған жоқтаулар – Қаракерей Қабанбай, Қанжығалы Бөгенбай, Шұбыртпалы Ағыбай т.б. жоқтаулар қазақ әдебиетінде өзіндік орын алған. Қаз дауысты Қазыбек би, Кеңгірбайдың қыздарының жоқтауы бүгінге дейін ел аузында сақталып қалған.

Жоқтау – аза тұтудың бір белгісі болып дүние жүзіндегі елдердің көбінде кездеседі. Түркі халықтарының ішінде қазақ, қырғыз, өзбек, татар, алтай, қарашай халықтарында соңғы кезге дейін сақталып келе



жатқан дәстүр. Ол ежелгі түркі тайпаларының ерлік тұрмысынан туған жыр түрі.

Ә.Марғұлан зерттеулерінде ежелгі сак, ғұн, үйсіндерден бері қазақ, қырғыз халқына жеткен тарихи жоралар дейді . Өзірет Сұлтан кесенесіне Арқадан алпыс шұбар атпен Үсен бидің мәйітін алып келуді ерте кезде қайтыс болған адамның асына баруда ежелгі ерлік дәуірінің салты бойынша баран және боз ат дайындалумен сабақтастықта қарауға болады. Ә.Марғұлан зерттеуіндегідей «Манас» жырында Манас Көкөтайдың асына шеруде ылғи боз ат пен қара атқа мінізіп, бір түсті көк кигізу ескі ғұндар мен орхон түріктерінен қалған рәсім.

XVIII соңында алпыс шұбар атпен Қожа Ахмет Ясауи кесенесіне Арқадан Үсен биді, Шаштұғыл биді салтанатты алып келу шеруі де осының айғағы деуге болады. XVIII ғасырда қазақ батырларының бейнесі, жауға қарсы тұрған батырлығы жолбарыспен теңелген. «Шақшақұлы Ер Жәнібек» атты тарихи дастанда жоңғарға қарсы соғыста қазақ батырларының ішінде қол бастаған «шұбар тулы бағаналы Жаулыбай батыр» айтылады. Осы Жаулыбай батырдың туында аңыз бойынша шұбарала жолбарыс бейнесі салынған екен. Түркі халықтарының ерте заманнан қадірлеген аңы жолбарыс бейнесі XVIII ғасырдағы қазақ қоғамында елдің бірлестігін бейнелеп туында шұбарала түрде бейнеленіп, жауға қарсы азаттық үшін шайқаста биік көтерілді.

XVIII-XIX ғғ. Арқадан, Ұлытаудан Түркістанға аманат бойынша әкеліп жерленген тарихи тұлғалардың бірі Үсен бидің алпыс шұбар атпен келуі, бағаналы тайпасының туын ұстаушы Жаулыбай батырдың шұбар туы көне дәстүрдің жалғасындай көрініс деуге болады. Алпыс шұбар нені білдіреді. Ала ат қазақтардың

нанамында уақыт белгісі. Күн мен түннің теңеуі, Наурыз болып табылады. Ала тай мифтік уақыт символы. Үсен бидің Арқадан алпыс шұбар атпен әкелініп Қожа Ахмет Ясауи кесенесін жерленуіне байланысты келесі болжамдарды айтуға болады. Алпыс (шұбар ат) бидің өмір сүрген уақытын бейнелесе керек. Жылқылардың шұбар болуы бидің көктемде дүниеден өтуі, уақытты бейнелеу болса керек. Осыған байланысты келесі пікірлер туындайды. Алпыс шұбар ат бидің өмірінің уақыты мен күн мен түннің теңелу уақыты, мерзімді бейнелеген. Жауға шапқанда, шайқастарда ақ шұбар жылқы, Бұлантты шайқасында әлденеше мың нөпір болып кілең шұбар жылқы тобыры, жауынгерлер шайқасқа шыққан.

Кілең ала шұбар жылқы тау көшіріп, жаумен шайқасқан Жаулыбай батырдың алашұбар тулпары, шұбар туы болды.

«Бағаналы Барлыбай, Шұбар тулы Жаулыбай. Ерлердің басы құралған, Тұлпар мініп, ту алған...» .

Өзірет Сұлтан кесенесіне арнайы алып келіп, қастерлі орынға қойылған Үсен бидің қойылуы сан ғасырлар бойы, ертеден келе жатқан салттың орындалуы деуге болады.

Д.МҰСТАПАЕВА,
тарих ғылымдарының кандидаты, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің доценті



БІЛГЕНГЕ МАРЖАН

ТҮЛСЫМ ДҮНИЕ

Халқымыз іргелі үш жүз құрамынан туралы.
Олар: Ұлы жүз – Ақарыс
Орта жүз – Жанарыс
Кіші жүз – Бекарыс

Ұлы жүз тайпалары:
Қаңлы – ұраны Бәйтерек, таңбасы шылбыр көсеу.
Қатаған (Шанышқылы) – ұраны Айырылмас таңбасы қолтаңба
Жалайыр – ұраны Байтақ, таңбасы сірге.
Шақсам – ұраны Қаблан, таңбасы жебе.
Сарыүйсін – ұраны Байтақ, таңбасы Абақ ашамай.
Шапырашты – ұраны Қарасай, таңбасы ай, тұмар.
Ысты – ұраны жауатар, таңбасы көсеу, шылбыр.
Албан – ұраны Райымбек, таңбасы абақ.
Суан – ұраны Байсуан, таңбасы дөңгелек.
Дулат – ұраны Бактияр таңбасы дөңгелек.

Орта жүз тайпалары:
Арғын – ұраны Ақжол, таңбасы көз.
Қыпшақ – ұраны Ойбас, таңбасы қос әліп.
Найман – ұраны Жалғабай, Мүлкіман, таңбасы босаға.
Керей – ұраны Ошыбай, таңбасы ашамай.
Уақ – ұраны Жаубасар, таңбасы бақан ашамай.

Кіші жүз тайпалары:
Бұлар үш атадан тұрады.
1. Әлімұлы. 2. Байұлы. 3. Жетіру.
Әлімнен: Кете – Майлыбай.
Қаракесек – ұраны Бактыбай, Айыртау.
Шөмекей – ұраны Дөйт.
Қарасақал – ұраны Бактыбай.
Төртқара – ұраны Майлыбай.
Шекті – ұраны Дейт.
Байұлының таралуы:
Шеркеш – ұраны Шағырбай, таңбасы бақан.
Масқар – ұраны Қаратай.
Алғыбас – ұраны Байбарақ, таңбасы бақан.
Тана – ұраны Тана, таңбасы әліп, кесу.
Байбақты – ұраны Дәуқара.
Қызылқұрт – ұраны Жиенбай.
Таз – ұраны Төрөмұрат, Бақай таңбасы қамшы.
Беріш – ұраны Атығай.
Алай – ұраны Бекет, таңбасы садақ.
Есентемір – ұраны Алдоңғар, таңбасы бақай.
Жаппас – ұраны Баймұрат, таңбасы түйемойын.
Алшын – ұраны Баймұрат.
Жеті рудың таралуы.

Телеу – ұраны Арғымақ, таңбасы балға, шылбыр.
Рамадан – ұраны Дулат, Қайұлым, таңбасы шөміш.
Тама – ұраны Қарабура, таңбасы көсеу, аліп тарак.
Кедері – ұраны Қожахмет, таңбасы тостаған.
Керейіт – ұраны Ақсақал таңбасы шылбыр, қылыш.
Табын – ұраны Тостаған, таңбасы тарак, көсеу шөміш.
Жағалбайлы – ұраны Мапатау, таңбасы балға.

Үш жұрт
1.Ағайын жұрт. 2.Нағашы жұрт. 3.Қайын жұрт.

Үш байлық
Бірінші байлық – денсаулық.
Екінші байлық – ақжаулық.
Үшінші байлық – қорадағы бес саулық.

Үш би
1. Үйсін Төле би. 2. Арғын Қаз дауысты Қазыбек би. 3. Алшын Әйтеке би.

Үш дана
1. Абай 2. Шоқан. 3. Ыбырай.

Үш арыс
1.Сәкен. 2. Бейімбет. 3. Ілияс.



Үш арыс

Ұйқы арыс.
Тамақ арыс.
Күлкі арыс.

Үш дауасыз
1. Мінез. 2. Көрілік. 3. Ажал

Үш жамандық
Нақақ қан төгу.
Кісі малын нақақ алу.
Ата-бабадан қалған ескі жұртты бұзу.

Үш жақын
1. Жан тәтті. 2. Мал тәтті. 3. Жар тәтті.

Төрт тұлға
1. От. 2. Су 3. Жел. 4. Жер.

Төрт маусым
1. Көктем. 2. Жаз. 3. Күз. 4. Қыс

Төрт түлік
1. Түйе пірі – Ойсыл қара. 2. Жылқы пірі-Қамбар ата. 3. Сыыр пірі – Зенгі баба. 4. Қой, ешкі пірі – Шопан ата, Шекшек ата.

Төрт мұра
1. Дау мұраты – біту. 2. Саудагер мұраты. 3. Қыз мұраты – кету. 4. Жол мұраты-жету (*Сырым батыр*).

Төрт қорлық

1. Шақырылмаған жерге бармау.
2. Бейбастық сөйлеу.
3. Дұшпанның жәрдем күту.
4. Сараннан қажет сұрау.

Аллаға жақын төрт періште бар

Олар: Жәбірейіл, Өзірейіл, Мекайіл, Исрафил.

Төрт кітап

1. Тауар – Мұсаның кітабы.
2. Забұр – Дәуіттің кітабы.
3. Інжіл – Исаның кітабы.
4. Құран – Мұхаммедтің кітабы.

Төрт күнә

1. Аллаға күмән келтіру.
2. Нақақтан қан төгу.
3. Ата-анаға тіл тигізу.
4. Өтірік куә болу. (*Мұхаммед пайғамбар*)

Бес парыз

1. Құдайдың бірлігі мен Мұхаммедтің пайғамбарлық қасиетін мойындау. 2. Намаз оқу 3. Ораза тұту. 4. Қайыр-садақа беру. 5. Қажылыққа бару.

Бес намаз

1. Таң намазы. 2. Бесін намазы. 3. Екінті намазы. 4. Ақшам намазы. 5. Құптан намазы.

Бес борыш

1. Аллаға, Пайғамбарға байланысты борышы.
2. Адамның өзіне байланысты борышы.
3. Мемлекет пен халыққа борышы.
4. Үй-іші, жакындарға борышы.
5. Адамгершілік әлеміне борышы. (*Мұхаммед пайғамбар*).

Бес қару

1. Садақ. 2. Мылтық. 3. Найза 4. Қылыш. 5. Айбалта

Бес өсиет

1. Топасқа сенбе. 2. Жауға иілме. 3. Өрқаншан сак жүр. 4 Аш үйге қонба. 5. Жарлыдан сый алма.

Бес қатер

1. От. 2. Жау. 3. Борыш. 4. Ауру. 5. Сөз.

Алты Алаш

1. Қазақ. 2. Қарақалпақ. 3. Өзбек. 4. Түркімен. 5. Қырғыз. 6. Жайылған (Төле би).

1. Ұлы жүз. 2. Орта жүз 3. Кіші жүз. 4. Қарақалпақ. 5. Қырғыз. 6. Қазақтың құрамы рулары (М.Тынышбаев).

Алты игілік

1. Денсаулық. 2. Қазына. 3. Дос. 4. Әйел (жар). 5. Білім. 6. Бала ұрпақ.

Адамдардың бір-біріне деген алты парызы бар олар:

1. Бір-біріне сәлем беруге («әдейі барып).
2. Шақырса – баруға.
3. Кенес сұрау – ақыл қосу.
4. Сұрағанына – жауап беру.
5. Ауырып қалса – көңіл сұрау.
6. Қайтыс болса-жерлеуге қатысуға. (*Мұхаммед пайғамбар*).

Алты асар

1. Ақыл. 2. Білім. 3. Жомартық. 4. Әділдік. 5. Шыншылдық. 6.Кен.

Жеті жарғы (Әз-Тәукенің заңдары).

1-жарғы. Көтеріліс жасап,бүлік шығарған кісілерге өлім жазасы бұйырылсын (бұл мемлекеттің бүтіндігі талабынан туады).
2-жарғы. Түркі халқының мүддесін сатып,елге опасыздық еткендер өлім жазасына бұйырылсын. (Бұл жарғы халықтың ортақ мүддесі-елдің бүтіндігін қорғаған бірұтас қоғамдық сананың жемісі).

3-жарғы. Мемлекет ішінде жазықсыз кісі өлтіргендер өлім жазасына бұйырылсын. (Бұл жарғы да кісі өлтірушілікке тыйым салған және мәдениеттіліктің белгісі ретінде танылуға тиіс өте елеулі жаңалық).

4-жарғы. Өзге біреудің әйелімен зинакорлық жасап, ақ некені бұзушыларға өлім жазасы бұйырылсын. (Бұл жарғы да шаңырақтың бірлігін қамтамасыз еткен неке парызына адалдықты талап еткен маңызы зор жаңалық).

5-жарғы. Өреде тұрған, тұсаулы жүрген сәйгүлік атты ұрлаған кісіге өлім жазасы бұйырылсын ол кезде «ер қанаты-ат» елдің мемлекеттің соғыс күші ретінде бағаланды.

6-жарғы. Төбелесте мертігудің түріне қарай төмендегі мүліктің құн төленсін. а) біреудің көзін шығарса кісі айыпқа қызын береді, ал қызы жоқ болса, қыздың қалың малын береді. ә) төрт мүшенің бірін мертіктірген кісі айыпқа ат береді.

7-жарғы. Ұрланған жылқы өзге де құнды мүлік үшін он есе артық айып пұл төлеттірсін.

Жеті ғашық

1. Ләйлі – Мәжнүн. 2. Фархат – Шырын. 3. Тахир – Зухра. 4. Арзу – Қамбар. 5. Уәлік – Ғарра. 6. Уаки – Құлшан. 7. Жүсіп – Зылиқа.

Жеті қазына

1. Ер жігіт. 2. Сұлу әйел. 3. Ақыл білім. 4. Жүйрік ат. 5. Қыран бүркіт. 6. Берен мылтық. 7. Жүйрік тазы (ит).

Жеті жұт

1. Құрғақшылық. 2. Мал қырылу. 3. Өрт. 4. Оба (ауру). 5. Соғыс. 6. Тасқын су. 7. Зілзала (жер сілкіну).

Жеті жөк

1. Жерде өлшеу жөк. 2. Аспанда тіреу жөк. 3. Таста тамыр жөк. 5. Аллада бауыр жөк. 6. Аққуда сүт жөк. 7. Жылқыда өт жөк.

БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ ХАБАРЛАЙДЫ

ӨЗБЕКСТАНДЫҚ КИНО МАМАНДАРЫ

ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ ЖАЙЛЫ ФИЛЬМ ТҮСІРУДЕ

Өзбекстан Республикасының Azbekkino Ұлттық агенттігі Қожа Ахмет Ясауи жайлы «Мерос» фильмінің түсірілім жұмыстарын бастады.



Фильмнің мақсаты – 2018 жылы Қазақстандағы Өзбекстан жылы, 2019 жылы Өзбекстандағы Қазақстан жылы аясында екі ел арасындағы достық пен ынтымақтастықты, түркі елдері арасындағы бауырластықты насихаттау.

Фильмнің басты кейіпкері Өзбекстан Республикасының Қазақстанмен шекаралас ауылында тұратын Бахшилло ақсақал немересімен бірге Қожа Ахмет Ясауи кесенесіне жолға шығып, жол-жөнскей қазақ елінің қонақжайлылығы мен бауырмалдығы, екі ел халқының бір-біріне деген бауырмалдығы мен мейірімі, әкесі Абдулланың Сәрсен атты қазақ азаматымен жан достығы, оның аң аулау кезінде әкесін өлімнен құтқарғаны жайлы естелік әңгімелерін айтып береді. Әкесі Абдулла мен Сәрсен бір-бірімен айнымас дос болуға сертеседі.

Бахшилло ақсақал қазақ хал-

қына әкесінің құрметі жөнінде әңгімелей отырып, Қазақстан шекарасына кіргеннен кейін байырғы досы Оралбайдың үйіне қонақ болады. Домбырамен ән айтып, сыр шертіскен соң Оралбай досы Бахшилло мен немересіне ат пен түйе мінгізіп, Түркістанға шығарып салады. Ақсақал немересі Анварға жол бойына Қожа Ахмет Ясауидің тарихы және Түркістан жайлы қызықты әңгімелер айта отырып, қазақ жерінде тәрбиелік мәні зор түрлі оқиғалардың куәгері болады. Жолаушылар Түркістан қаласына келіп, Ясауиге құран бағыштап, асықпай тарихи орындармен танысады.

Түрлі қызықты әрі мағыналы оқиғалармен сабақтастырылған киноның мазмұны осылай болмақ. Мамандардың айтуынша, туында 2021 жылы жарыққа шығады.

Фильмнің режиссері – Хилол Насимов.

«АҚЫН» КӨРКЕМ ФИЛЬМІНІҢ ТҮСІРІЛІМ ТОБЫ КЕЛДІ

«Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейіне Ш.Айманов атындағы «Қазақфильм» киностудиясының ұйымдастырумен «Ақын» көркем фильмінің түсірілім тобы келді.

Толықметражды көркем фильмнің түсірілім жұмыстарын аяқтаған шығармашылық топ Қожа Ахмет Ясауи кесенесіне зиярат етіп, қорық-музей аумағындағы тарихи-мәдени нысандармен танысты.

Кастинг директоры – Айхан Чатаева, фильмнің режиссері – Дәрежан Өмірбаев бастаған кино саласының мамандарына «Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейінің экскурсоводы Данияр Сәдуақасов экскурсия жүргізді.

Айта кетсек, «Ақын» көркем фильмі Мәдениет және спорт министрлігінің тапсырысы бойынша жасалған. Герман Тесстің «Шығармашылық кеш» әңгімесінің желісі бойынша түсірілген туында Алматыда тұратын 40 жастағы қазақ ақынының өмірінен сыр шертеді.

Басты рөлді «Жігіттер» тобының әншісі Ердос Қанаев сомдаған.

ПОЛИЦЕЙЛЕР ДЕ МУЗЕЙМЕН ТАНЫСТЫ

Түркістан облысы полиция департаментінің патрульдік полиция батальон қызметкерлері «Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейімен танысты.



Мәдени, танымдық сапар барысында Тұңғыш Президент күніне орай Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың Түркістан қаласына жасаған сапарлары мен ресми кездесулері, өмір жолы мен кітаптары жайлы «Ұлы даланың генераторы» көрмесін тамашалады.

КӨНІЛ АЙТУ



Бірімізге қадірменді дос, бірімізге аға Мұзаппар Шалаповтың мезгілсіз бақилық болуына орай оның отбасы, ағайын-туыстарына қайғырып көңіл айтамыз.

*Пәки жазған-жарты бақыт, жарты сын.
Аз көрмен ең бұл өмірдің талқысын.
Құран кәрім енді өзінді жоқтасын,
Иманды бол, жұмақта рух шалқысын.*

«Әзірет Сұлтан» мемлекеттік қорық музейінің ұжымы

ФОТОЭТЮД



СІЗ БІЛЕСІЗ БЕ?

Қараша айында «Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейінің қайырымдылық және демеушілік қорына 5 053 554 теңге түсті. Осы сомадан:

банк қызметіне – 12 867,53 теңге,
іссапар шығындарын төлеуге – 180 570 теңге,
шаруашылық жұмыстарына – 45 000 теңге,
баспадан кітап шығаруға – 540 000 теңге жұмсалды.

Жалпы қараша айындағы шығыстардың сомасы 778 437,53 теңгені құрады.
Яғни 3 869 670,47 теңге келесі айға жоспарланған жұмыстарға жұмсалады.

Қазан айында «Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейінің қайырымдылық және демеушілік қорына 5 053 554 теңге түсті. Осы сомадан:

банк қызметіне – 20 962,08 теңге,
жалақы төлеуге – 37 842 теңге,
іссапар шығындарын төлеуге – 91 674 теңге,
шаруашылық жұмыстарына – 668 039 теңге жұмсалды.

Жалпы қазан айындағы шығыстардың сомасы 818 517,08 теңгені құрады.
Яғни 4 235 036,92 теңге келесі айға жоспарланған жұмыстарға жұмсалады.

Қыркүйек айында «Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейінің қайырымдылық және демеушілік қорына 6 725 148 теңге түсті. Осы сомадан:

банк қызметіне – 27 050 теңге,
жалақы төлеуге – 526 125 теңге,
шаруашылық жұмыстарына – 2 800 377,70 теңге жұмсалды.

Жалпы қыркүйек айындағы шығыстардың сомасы 3 353 552,70 теңгені құрады.
Яғни 3 371 595,3 теңге келесі айға жоспарланған жұмыстарға жұмсалады.

ӨНЕР

ҰСТАЛЫ ЕЛ ОЗАР

Иә, қазақтың кең-байтақ даласында ұлы өркениеттердің болғаны тарихтан мәлім. Сол өркениеттердің өріс алып, кең қанат жаюына сүбелі үлес қосқан өнердің бір түрі бұл – қазақтың зергерлік, ұсталық қолөнері екендігін ешкім де жоққа шығара қоймас.



Зергер – халықтың атын шығарар адамы. Қазақ мұндайда «Шебердің қолы ортақ» деген мақалды тегін айтаған болар. Өнер тұрғысынан алсақ, Құдайдың өзі берген шеберлік атадан балаға даритын қасиет. Міне, қазақтың ұсталық өнері де сондай. Бұрын ел аузында айтылып келе жатқан «Ұзынсыз қысқа болмас, үлгісіз ұста болмас», «ұсталы ел озар, ұстасыз ел тозар» деген мақал-мәтелдерден-ақ ұсталардың ел өміріндегі маңызының қаншалықты зор екенін түсіну қиын емес.

Киелі қаламызда да есімдері республикаға мәлім қолөнер шеберлері баршылық. Солардың бірі әрі бірегейі Қалмырза аға жайлы әңгіме өрбіткенді жөн көрдік. Қалмырза Әлібекұлы Тасов 1956 жылы Түркістан қаласында дүниеге келген. Мектепті бітірісімен Шымкент педагогикалық институтының көркем-өнер графика факультетіне оқуға түсіп, 1978 жылы тәмамдаған. Сызу-сурет пәнінің мұғалімі мамандығын 40 жыл адал еңбегімен атқарып, абырой биігінен көрінген ұлағатты ұстаз.

Ол тұла бойы тұнған өнер, білім мен білік иесі, қолөнер шебері. Бүгінде жасы алпыстан асқан ағамыздың өмірден көрген-түйгені көп, тәжірибесі мол. Зергерлік, ұсталық өнердің қыры мен сырын жетік біледі. Ол кісінің жанында отырып, мәдениеті, зергерлік жөнінде тың пікірлі әңгімесін тыңдағанның өзі тыңдаушыға ғибрат, тәлім берері сөзсіз.

Қалмырза ағаның мықты қасиеті – өте еңбекқор жан. Ол кісіге жұмыстардың ешқайсысы жат емес. Нағыз бесаспап адам. Кез келген шабураны дөңгелетіп әкетуге бар. Суретті де шебер салады. Өмір туралы толғамды ойларын қағазға түсіреді. Қалмырза ағадан жастар көп үйреніп, көп тәлім алса керек-ті. Бұл кісінің тұла бойы тұнып тұрған өнер ғой, шіркін!

Бүгінгі таңда киелі қаламыздағы балалар қолөнер мектебінің зергерлік үйірмесіне Қалмырза Тасов ағамыз жетекшілік етеді. Балалар қолөнер мектебінде ұстаздық қызмет

атқарумен қатар, қолөнер бұйымдарын жасаумен де шұғылданады. Жастарға ұлттық қолөнердің қыры мен сырын үйренуден әсте жалықан емес.

Қалмырза Әлібекұлы 1995 жылдан бері кәсіпкерлікпен айналысып келеді. Ағаның кәсіпкерліктегі негізгі мақсаты көне, ұмыт болған зергерлік бұйымдарды қазіргі заман талабына сай қайта жаңғырту. Қолөнер шебері көптеген халықаралық және республикалық көрмелерге қатысып, Мақтау қағаздары мен бағалы сыйлықтарға ие болған. Атап айтсақ, 2011 жылы Малайзия елінің Куала-Лумпур қаласында өткен халықаралық қолөнершілер фестиваліне қатысса, 2016 жылы Біріккен Араб Әмірліктерінің Әбу-Дабі қаласында өткен «Өнер» фестиваліне қатысып, атадан балаға мирас болып келе жатқан ұлттық өнеріміздің айдынын асырып, яғни, алтын, күмістен алқа, жүзік, білезік және ат әбзелдеріне сәндік бұйымдарды жасау құдіретін көрсетті. Сонымен қатар 2012-2013 жылдары өткен дәстүрлі республикалық «Шебер» байқауының жеңімпазы атанып, мерейі үстем болды. Сондай-ақ шебердің қолөнер туындысына ЮНЕСКО сертификаты беріліп, халықаралық дәрежедегі қолөнерші атанды.

Бүгінгі таңда Қазақстан Суретшілер одағының және ЮНЕСКО қорының мүшесі, қолөнер шебері Қалмырза Тасов ағамыз үйірме жұмыстарын жүргізіп қана қоймай, еліміздегі көптеген қаланың оқу орындары мен ірі компанияларында «Шеберлік сағаттарын» өткізіп, көрмелер ұйымдастыруда. Баға жетпес қолөнер мұрамызды жас буынның зердесіне жеткізсем деген мақсатты алға қойған Қалмырза Әлібекұлына шығармашылық табыстар тілейміз.

Талғат ОРАЗОВ,
ғылыми қызметкер



ҚҰРЫЛТАЙШЫ

«Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-мұражайы

Бас редактор
Әбдікерім МАНАПОВ

Жауапты хатшы
Талғат ОРАЗОВ

Беттеуші-дизайнер
Алмас КЕРІМ

Фототіпші
Алдияр ТЛЕУБАЕВ

Редакцияның мекенжайы:

Түркістан қаласы,
Төуке хан даңғылы,
282 «А» үйі
е-mail:
azret-sultan@mail.ru

Байланыс:
8 (72533) 3-23-00

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникациялар министрлігінде 2016 жылғы 21 қыркүйекте тіркеліп, №16154-Г куәлігі берілген

Газет айына
1 рет шығады

Индекс 161200

■ Газетке жарияланған материалдарды көшіріп басқан жағдайда сілтеме жасалу міндетті.

■ Автордың мақаласы мен жарнама мазмұнына редакция жауап бермейді.

■ Қолжазбалар өңделеді және кері қайтарылмайды.

ТАРАЛЫМЫ – 1000 ДАНА

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді.

«ERNUR-print» ЖШС-нің баспаханасында басылды.
Шымкент қаласы,
Т.Өлімқұлов көшесі,
22 үй.

Кезекші редактор
Талғат ОРАЗОВ

Тапсырыс №3325